

2 АЙМАҚТЫҚ БАҚ-ТЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ: МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ, ҚОҒАМДЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР, ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР

2.1 Сайлау қарсаңындағы БАҚ: мемлекеттік экологиялық саясат және саяси тұлғалардың бағдарламаларындағы экология мәселесі

Адамдардың қанағатты өмір сүруге деген ұмтылысы мен тіршілік қарекетінің қоршаған ортаға ықпалы өте зор. Сондықтан да экологиялық мәселенің – саяси мәселеге айналып бара жатқаны бүгінгі таңда анық байқалады. Қоршаған орта мен оны қорғау мәселесі өзара тығыз байланыста ширьға дамыған сайын, аталған мәселеге қатысты күрмеулі қиыншылықтарды шешуге мемлекет пен қоғамдық күштер белсене араласып, оны саяси ойын құралына айналдыру үрдісі етек алып бара жатыр. Біз бұл тармақта мемлекет пен үкіметтің тізгінін қолына алғысы келген тұлғалардың ең маңызды бір қырына назар аударғымыз келді. Зерттеу кез-келген саяси белсенділікке тән пікір бәсекесі мен саяси бағдарламаларына арналған.

Әлемдік деңгейде шиеленісіп тұрған қазіргі экологиялық жағдайда қалыптасқан күрделі мәселенің күрмеуін шешу міндеті – бүгінгі таңда аса маңызды саяси институт болып табылатын мемлекеттік құрылымға тікелей жүктеледі.

Мемлекеттік билік органдарының алдында – экологиялық шиеленісті мәселелерді батыл түрде әділ реттейтін және белсенді түрде ықпал ететін заңдық ережелерді дайындау, қоршаған ортаның қалыпты жағдайындағы өзгерістерді үздіксіз бақылау және жан-жақты қадағалау жұмыстарын ұйымдастыру, түрлі табиғи ауытқуларға дер кезінде шара қолдану міндеттері тұр. Дәл қазіргі кезеңде билік орындары табиғатты қорғау ісіне ерекше жауапкершілікпен қарап, алдына қойылған міндеттерді барынша сапалы атқаруы тиіс. Табиғи байлықтарды игеру барысындағы қоғам мүшелерінің өнеркәсіптік іскерлігін шикізаттарды барынша ұқыпты әдіспен пайдалану жолына бағыттап, адамдардың қоршаған ортаға деген саналы көзқарасын қалыптастыру, тұтынушылардың экологиялық мәдениетін арттыру – биліктің әлем қауымдастығы алдындағы ортақ жауапкершілігі болып табылады.

Ежелден келе жатқан тәжірибеге сүйенсек, саясаттың – сөз бен әрекет арқылы жүзеге асырылатыны мәлім. Қашанда қандай да бір істің алдында «Әуелі – сөз, сөзден кейін – іс жүреді». Біз осы зерттеуімізде осы тәмсілді талдау тәсілі ретінде ұстанамыз.

Жалпы, «дискурс» ұғымы – өзара әлеуметтік қарым-қатынастың сөз бен сөйлеу тәсілі арқылы жүзеге асуы деген мағынаны білдіреді. Бұл ұғым қазіргі ғылыми айналымда «белгілі бір белгіленген уақыт өлшемінде белгілі бір ортақ тақырып төңірегінде айтылған жарыс сөз, пікір алмасу» [90] деп түсіндіріледі.

Белгіленген «тақырып» дискурстың ең басты өлшемі ретінде қарастырылады, ал біздің зерттеуіміздің тақырыбы – экологиялық мәселе болып табылады.

Талдаудың тәсілі ретінде ұсынылып отырған дискурстың алғы шартына байланысты Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне қарасты Экологиялық үйлестіру және бақылау Комитетінің есепті ресми құжаты болып есептелетін «Информационный бюллетень о состоянии окружающей среды Республики Казахстан за апрель 2012 года» басылымындағы мәліметтердегі ақпараттарды назарға ұсынамыз.

Жоғарыдағы көрсетілген дерек көзінің ақпаратында берілген зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, Қазақстан Республикасындағы атмосфераның ластануы қазіргі таңда да жоғары деңгейде қалып отыр екен. Бұл тұрғыдан алғанда еліміздің 9 қаласындағы, атап айтсақ – Өскемен, Қызылорда, Теміртау, Шымкент, Алматы, Жезқазған, Тараз, Қарағанды, Ақтөбе қалаларындағы жағдай өте күрделі екен. Бұл қалалардағы күрделі жағдай 2011 жылғы көрсеткішті биылғы жылдың сәуір айындағы көрсеткішпен салыстырғанда «елеулі өзгерістер» байқалмаған[91].

Қазақстан Республикасының өзен, суларына қатысты мәлімет те назар аударарлықтай. Республика бойынша 9 өзен мен 2 су қоймасы ғана «таза» деп бағаланған. Көпшілігі, яғни, 40 өзен, 7 су қоймасы, 9 көл, 1 теңіз, 2 канал «қалыпты ластанған». Ал 13 өзен, 2 су қоймасы «ластанған», 8 өзен «өте лас», Шерубайнұра өзені мен Билікөл «қатты ластанған» болып шықты.

Тек су ресурстарына қатысты осындай алаңдатарлық мағлұматтардың өзі, еліміздегі экология мәселесінің шешілуіне барлық жұртшылықтың назар аударуы керектігін мойындатады. Бұл ретте, әсіресе, билік иелері мен саяси тұлғалардың, саяси партиялардың атқаратын міндеттері өте жауапты әрі маңызды болмақ.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасының саяси тұлғаларының сайлау алдындағы бағдарламалары – экологиялық тақырыптағы дискурстың негізгі ұйтқысы ретінде қарастырылды.

Біздің зерттеуіміздің басты мақсаты:

- Қазақстан Республикасының Президенттігінен үміткерлердің сайлау алдындағы бағдарламаларындағы экологиялық мәселелердің маңызын ашып, мағыналық талдау жасау;
- саяси тұлғалардың экологиялық мәселеге қатысты ұстанымын анықтау;
- айтылып отырған саяси тұлғалардың экологиялық мәселеге деген ұстанымындарындағы ортақ заңдылықтарды анықтау.

Талдауға – 2011 жылғы Президенттік сайлау науқаны алдындағы үміткерлер мен 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Мәжіліс сайлауына қатысқан саяси партиялар ұсынған бағдарламалар негіз етіп алынды.

Аталып отырған екі сайлау да әр түрлі саяси себептермен кезектен тыс және белгіленген мерзімнен бұрын өткендігін ескерте кетеміз.

Қазақстан Республикасының Президенттігінен үміткерлердің бағдарламаларындағы экологиялық аспектілер. Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауы 2011 жылы 3 сәуір күні өтті. Сайлауды өткізуге ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылдың 4 ақпанында шыққан №1149 «Қазақстан Республикасының президент сайлауын кезектен тыс өткізу туралы» Қаулысы негіз болды. Сайлауға төрт үміткер қатысты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кеден комитетінің Төрағасы, Патриоттар партиясының көшбасшысы Ғани Қасымов, Қазақстан Республикасының Парламент Мажілісінің депутаты, Коммунистік халық партиясы орталық комитетінің хатшысы Жамбыл Ахметбеков, «Табиғат» экологиялық одағының төрағасы Мәлс Елеусізов және ҚР Президенті, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Сайлау нәтижесі бойынша Нұрсұлтан Назарбаев – 95, 55 % дауыс, Ғани Қасымов – 1, 94 % дауыс, Жамбыл Ахметбеков – 1, 36 %, Мәлс Елеусізов – 1, 15 % дауыс жинады [92].

Барлық төрт үміткердің Президенттікке сайлау алдындағы бағдарламаларын талдау барысында, экологиялық мәселе екі-ақ үміткердің – Ғани Қасымов пен Мәлс Елеусізовтың сайлау алдындағы бағдарламаларында қамтылғаны анықталды. Ал, Жамбыл Ахметбеков пен Нұрсұлтан Назарбаевтың бағдарламаларында экологияға қатысты ақпарат жоқ боп шықты.

Н. Назарбаевтың сайлау алдындағы бағдарламасына орай айтарымыз, тура осындай деңгейде 2011 жылы Ресей Федерациясында өткен сайлаудағы билеуші партияның ресми құжаттарында экология тақырыбы көтерілмегендіктен де, тура сол бағдарламамен салыстырылып жасалған қазақстандық үміткердің мәтінінде экология мәселесі ескерілмей қалған деп болжауға негіз бар [93]. Үміткерлердің экологиялық тақырыпты ескермеуінің бұдан басқа себептерін тек жорамалдап қана білуге болады. Әйтпесе, біздің мемлекетіміздегі экологиялық жағдайды «мінсіз» деп Назарбаевтың да, Ахметбековтің де айта алмасы анық.

Бұлардың экологиялық мәселені айналып өтулерінің екінші бір себебі, оны шешудің нақты жолын ұсына алмайтындықтарында болуы мүмкін. Соған қарағанда, «Қазақстан экологиясы 2020» мемлекеттік бағдарламасының жобасы үкімет қарауына 2009 жылы тапсырылса да, 2012 жылдың көктеміне дейін (зерттеу жүргізілген кезең) бір шешімін таппағаны кездейсоқ оқиға емес [94]. Назарбаевтың сайлау алды бағдарламасына бұл мәселенің енгізілмеуі, ең бірінші, ондағы мәтіннің жоғары екі-шіне экологиялық күрделі

ахуал туралы үні көмескі шығатын сөйлемдердің кірікпей тұруынан болса керек.

Жалпы алғанда бағдарламаға: «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» [95] атты Президент жолдауының мәтіні негіз етіп алынып, соңғы жылдардағы Қазақстан Республикасының сансыз жетістіктері асқақтата баяндалған, бағдарлама тек қол жеткен жетістіктерді одан әрі жақсартуды көздеген жоспарларды тізіп шығуға құрылған. «Біз жоғарғы білім деңгейін халықаралық стандартқа жеткіземіз», «Біз медициналық қызметтің сапасы мен қол жетімділігін арттырамыз», «Біз қазақстандықтарды сапалы және қол жетімді баспанамен қамтамасыз ету жұмысын жалғастырамыз» деген сияқты сөз тіркестерінің арасынан көлеңкесі басым, мысы пәс экологиялық мәселелер туралы мәтіннің орын алуына мүмкіндік те қалмаған.

Бағдарлама аторлары өз оқырмандарының назарын: елімізде қазірдің өзінде бәрі тамаша, ал билік мұны одан да жақсартуды жоспарлап отыр – дегенге аударғысы келеді. Әрине, тек қана ұран мәтіндеріне құрылған, мемлекеттің бұдан кейінгі экономикалық даму жолдары нақты деректермен жан-жақты екшелмеген, тереңдете талданбаған бағдарламаны көшірушілердің қаперіне экологиялық түйткілді мәселелер ілінбей қалған. Әйтпесе, жаһандану заманында өзін-өзі сыйлайтын мемлекеттің экология тақырыбы алаңдатпауы мүмкін емес. Дегенмен де, экология мәселесі жалаң ұран түрінде болса да «Нұр Отан» партиясының сайлау алдындағы бағдарламасынан әжептәуір орын алғандығын атап өтеміз, ол туралы алдағы уақытта кеңірек талдана айтылатын болады.

Ал «Халықтық үш бастама» [96] деп аталатын Ж. Ахметбековтің бағдарламасына келетін болсақ, онда қарапайым халықтың мүддесіне сай келетін әлеуметтік мәселелер мен мемлекетті басқарудағы кемшіліктер ең бірінші кезекке қойылған. Бұл – саяси астарланған әдіптеулер арқылы әлеуметтік-экономикалық мәселелерге иек сүйеген классикалық үлгіде «жасасындатқан» кәдімгі коммунистік қызыл сөздердің тіркесі болып шыққан.

Қысқаша айтқанда Ахметбековтің «халықтық бастамасының» түйіні мынадай: «өмір сүруді қамтамасыз ететін ең төменгі жалақының мөлшерін өркениетті елдердің көпшілігі қолданымға енгізген стандарттың деңгейіне көтеру» (бұл бірінші мақсаты), «Қазақстанның жоғары оқу орындарының түлектерін алғашқы жұмыс орынымен қамтамасыз етуге кепілдік беру» (бұл екінші мақсаты), «коммуналдық тұрғын үй шаруашылығына қойылатын баға мен тарифтің бағасын төмендету» (бұл үшінші мақсаты).

Бағдарламаның бүкіл желісі осы үш бағдарламаны кеңейте баяндауға құрылған. Ал экологиялық жағдайлар «басы артық» мәселе деп саналған сияқты. Немесе экологиялық мәселелерді шешудің жолдарын көз алдына елестете алмаудан туған шарасыздық та болуы мүмкін.

Ал барынша тиянақты және нақты міндеттерді қамтуға ұмтылған Ғани Қасымовтың сайлау алдындағы бағдарламасында экология мәселесі оның атқаратын іс-қимылының ең соңына қойылған, яғни, «айтпақшы, ескерусіз қалыпты ғой» деген сияқты немкетті баяндалған. Бұл бағдарлама иесінің экология мәселесіне жете көңіл бөлмегендігін аңғартады. Бейнелеп айтсақ, «жалпы алғанда» «айтпақшы» деп көрсеткендегі «айтқан сөзі» «жалпылама» жалпақ сөз болып шыққан [97].

Бағдарламада: экология дегеніміз «біздің еліміздің дерті» – деген сияқты мағынасы бұлыңғыр бейнелі тіркестер көпірте баяндалған. Мысалы, «еліміздің экологиялық қауіпсіздігі шаралары жасалып, тиянақты түрде жүзеге асырылатын болады» деген іспетті жалаң сөздерден тұрады. Бұдан кейін әлгі «қауіпсіздік шараларына» не қамтылатыны жөнінде: «Арал теңізінің, Семей полигонының, «Байқоңыр» ғарыш айлағының күйзелісті мәселелерін шешуге әлем қауымдастығы белсене тартылатын болады. Каспий теңізінің атырауында, жалпы еліміздің бүкіл аумағында жұмыс істейтін шетелдік инвесторлардың жұмыс барысында сақтауға тиісті экологиялық стандарттар қайтадан қаралатын болады» – деп нақтылай түседі. Бұл үміткердің экология мәселесі туралы бағдарлы мақсаты осымен аяқталады. Бұған қарап, экологиялық жағдайға аталған үміткер байыпты пайыммен көңіл бөлген – деп айтуға келмейді.

Экологиялық мәселелер үміткер М. Елеусізовтың сайлау алдындағы мақсатты бағдарламаларында [98] барынша жан-жақты әрі тиянақты қамтылған. «Табиғат» экологиялық қозғалысының жетекшісі болғандықтан да Елеусізовтің бағдарламасында экологиялық жағдайға барынша баса көңіл бөлуі түсінікті де. Бағдарламаның «Экономика», «Әлеуметтік сала» атты тараушаларында экологиялық мәселелерді шешудің маңызы мен міндеті нақты сала бойынша аталып көрсетілген. Мұнда көпке ортақ ұран мен қатар нақты атқаралатын шаралар туралы ұсыныс та бар.

Біз, жалпыға ортақ «жалаң ұранға» жатқызып отырған «жасасындатқан» мәтіндер мыналар: «Экологиялық мәселелерге басымдылық берілетін талаптарды заңнамалық деңгейде шешуге мүмкіндік жасау керек. Қоршаған ортаны ластайтын кәсіпорындардың жауапкершілігін арттыру бағытындағы заң ережелерін жетілдіру қажет деп есептеймін. Өнеркәсіп орындары шоғырланған қалалардың жағдайын батыл шаралар қолдану арқылы ғана жақсарта аламыз. Қабылданған шешімдердің орындалу ықпалын, мемлекеттік құрылымдардың жұмысының пәрменділігін арттыру үшін табиғат шикізаттарын пайдаланатын, қоршаған ортаны қорғайтын және тұрғындардың денсаулығына жауап беретін, шешімдерді орындататын министрліктер мен департаменттердегі шенеуніктердің жауапкершілігін күшейту керек».

Бұдан басқа да «жасасындардың» қатарына: әр түрлі аурулар мен дерттің пайыздық өлшемдері санамаланып келіп, «бұл аурулардың қатарының өсуіне экология үлкен кесірін тигізіп отыр» деген тіркес те қосылады. Сондай-ақ, «талапқа жауап бере алатын халықаралық стандартт белгілеу», қоршаған орта мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі үшін лабораториялық бақылаудың тиімді жүйесін жасау» деген талаптар да жайдақ баяндалған. Мұндай «тиімді жүйе» қандай халықаралық стандартқа сәйкес келуі керек? Оны кім және қандай негізге сүйеніп құрмақ? Бұл сұрақтарға жауап берілмеген.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Президенттігінен үміткерлердің ішіндегі еліміздің экология жөніндегі басты идеологінің сайлау алдындағы бағдарламасы экологиялық көзқарас тұрғысынан алғанда шашыраңқы шыққан. Онда, нақты шаралар мен түсінікті мақсаттан көрі жалаң сөз басымырақ. Бұдан, өзі эколог бола тұра, Елеусізов экологиялық күрделі жағдайларға жеткілікті мән бермеген – деген ұшқары пікір тұмайды.

Мүмкін, мәселенің түйткілі мынада шығар. Сайлау алдындағы кез-келген бағдарламалық құжат – оқырмандар мен сайлаушыларды өзіне тарту үшін жасалған үгіт-насихат құралы болып табылады. Ұран мен «жасасынның» нақты экологиялық мәселенің бетін көлегейлеп кетуі де сондықтан болуы керек.

Сайлау алдындағы үгіт, насихатқа құрылған бағдарламалық мәтіндер біздің елімізде діттеген нәтижеге жеткізбейтіні анық, өйткені, саяси тұлғаның сақнадағы шешендігінің ықпалымен билікке бүйрегі бұрыс келетін электоратты үміткердің өзі күткен арнаға түсіруі және оларды өзі күткен көзқарасқа бейімдеуі мүмкін емес.

Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенттігінен үміткерлердің бағдарламалық құжаттары – экологиялық мәселелерді шымшымдап шымшумен, немесе мүлдем назардан тыс қалдырумен шектеледі.

Саяси партиялардың бағдарламаларындағы экологиялық аспектілер. Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасы мен Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2012 жылдың 15 қаңтары күні өтті. Содан кейін барып 2012 жылдың 16 қаңтарында Қазақстан халық ассамблеясы атынан депутаттардың тізімі бекітілді. Сайлау алдындағы науқанға Қазақстан Республикасындағы мына саяси партиялар қатысты: «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстан коммунистік халықтық партиясы, Қазақстандық социал-демократиялық «Ауыл» партиясы, Қазақстан патриоттары партиясы, «Әділет» демократиялық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық «Азат» партиясы.

Сайлау қорытындысы бойынша үш партия көш бастады: «Нұр отан» ХДП сайлаушылардың 80, 99 % дауысына ие болды, «Ақ жол» партиясы 7, 47

%, ҚКХП (Қазақстан коммунистік халықтық партиясы) 19 % дауыс алды. Қалған партиялар 7 % «өткелден» өте алмады, яғни, парламент мандатына ие болған жоқ.

Сайлауға қатысуға құқық алған Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың барлығының да сайлау алдындағы бағдарламаларынан экология мәселесі белгілі бір мөлшерде орын алғанын атап өтуіміз керек. Тек ҚКХП ғана бұл мәселені назардан тыс қалдырды. Жалпыұлттық социал-демократиялық «Азат» партиясы сайлау алдындағы науқанға жіберілмегендіктен де олардың бағдарламасы туралы талдау жасамаймыз.

«Халықтың болашақта өмір сүру құқын өзіне қайтарып береміз!» [99], – деген ҚКХП (Қазақстан коммунистік халықтық партиясы) партиясының күңгірт бағдарламалық құжаттары антикапиталистік ұрандар мен мемлекетке қыр көрсеткен көңіл-күйге толы болды. Мәтіннің негізгі нысаны (тура партияның жетекшісі Ахметбековтің бағдарламасындағыдай) әлеуметтік сала мен қоғамдық өмірдегі күнделікті көріністерді қамтыды, яғни, экологиялық мәселелерді айналып өтті. Коммунистер халықты құтқарудың жолдары мен шынайы әлеуметтік социалистік мемлекетті орнатуға көшудің амалдарын қызу талқыға ұсынғанымен де, экологиялық күйзелісті шешу мәселесі олардың күнтізбесіне қойылмағанын ұқтырды.

Елбасының өзінің сайлау алдындағы бағдарламасына қарағанда «Нұр Отан» саяси партиясы өз бағдарламасындағы «Денсаулығы мықты ұлттың – елі де мықты!» [100] атты тарауда мынадай экологиялық мәселелерге дендеп шешу жоспарланған:

– экологиялық мәдениетті игеру мақсатында азаматтарға жалпыға ортақ экологиялық білім беру жүйесін құру. Экологиялық ағарту жұмыстарын барлық сатыдағы оқу орындарының оқу кестесіне енгізу;

– энергия қуатының баламалы көздерін дамытуды – энергия қуатын пайдалану саясатының тұрақты ұстанымы ретінде тұрақтандыру;

– ірі қалалардағы «жасыл белдеу» аймағын қорғау туралы қоғамдық бастамаларды қолдау, таза ауыз су бастауларын қорғау, тамақ өнімдерінің сертификациялануына қосымша талаптарды күшейту, өзен мен су қоймаларының маңына құрылыс салуға рұқсат берілетін заңсыздықтарға қарсы күресу және оны тұрмыстық шайындылармен, қоқыстармен ластауға жол бермеу;

– қоқыс қалдықтарын мүлдем залалсыздандыратын жүйені дамыту, дайын өнім шығарушылардың пайдаланылған шикізатты залалсыздандыру барысындағы жауапкершілігін арттыратын шараларды күшейту.

Жалпылама алғанда, мұнда ешқандай жаңалық та, нақты мәселе де жоқ. Өзімізге күнделікті таныс, көмескі көріністер мен жалаң ұрандар көз алдымыздан елестеп өтеді. Бұлардың арасынан ерекшеленетін жағдайлар

қылаң бергенімен де, сайып келгенде, барлығымызға таныс ақжемі болған тақырыптар.

Мәселен, экологиялық мәдениетті дамыту туралы: «экологиялық мәдениетті игеру мақсатында азаматтарға жалпыға ортақ экологиялық білім беру жүйесін құру. Экологиялық ағарту жұмыстарын барлық сатыдағы оқу орындарының оқу кестесіне енгізу» деген жолдарға назар аударайық. Бір қарағанда, «экологиялық ағарту» жұмысын білім беру үдерісіне енгізу арқылы қалыптасқан күрделі жағдайды өзгертетін нақты шара ұсынылып отырған сияқты. Алайда, «экологиялық ағарту жұмыстарын барлық сатыдағы оқу орындарының оқу кестесіне енгізу» – деген тіркестің мағынасы не және оның жүзеге асырылу тетігі қандай? Бұл бұрын-соңды оқылып көрмеген арнайы жаңа пән бе? Әлде, оқушылар мен өренжілерді күлтөбелер мен сорбұлаққа апарып, көшені ластаудың жаман екенін көрсететін «күлтөбелердің» серуені ме? Мұндай пәнге арналған оқулықты кім жазады, қандай қаржымен жүзеге асырылады, ол шараларды кім немесе қай мекеме жүзеге асырады? Өзгесін былай қойғанда, «экологиялық ағарту» деген тіркестің өзінен кеңес кезінен таныс үгіт-насихаттың дәмі білініп тұр.

Тура осындай көріністер, экология мәселесін көтерген немесе жанай қозғаған өзге де саяси партиялардың бағдарламаларында қайталанады. Мәселені нақты ашып көрсетіп, оның шешу жолдарын ұсынған ұсыныстар жоқтың қасы. Сонымен қатар, экология мәселесі арнайы көрсетілген бөлім ешқандай партияның («Әділеттен» басқа) бағдарламасында кездеспейді. Экологиялық мәселелер «сөз арасына қыстырылып» кеткен.

«Ауыл» партиясының сайлау алдындағы бағдарламасындағы экологияға қатысты көзқарастарын, сол мәселе туралы жазылған «Қазақстандықтардың денсаулығын сақтауда экологияның алатын маңызына баға жетпейді» деген құрғақ сөзбен жеткізуге болады. Бұдан басқа бағдарламада ештеңе де айтылмаған[101].

«Ақ Жол» саяси партиясының сайлау алдындағы бағдарламасында [102] экология мәселесі туралы қысқа ғана ескерту берілген. Онда «ПФИИР жобасында қарастырылған ғылыми маңызы зор, техногоялық деңгейі жоғары, экологиялық тұрғыдан таза және қуат көзін үнемдейтін салаларды иновациялық тұрғыдан міндетті түрде қолдау жүйесі енгізілсін», «қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиян келтіретін өнеркәсіп компанияларына жергілікті тұрғындарды материалдық жақтан қамтамасыз ету және оларға әлеуметтік көмек көрсету шараларын ұйымдастыру міндеттеліп», сонымен қатар «экологиялық ахуалы нашар аудандар мен ауылдарға көмек көрсететін бағдарлама жасап, оны жүзеге асыру» көзделген. Бір қызығы, жоғарыдағы жолдарды келесі «экологиялық ахуалы нашар аудандарды дамытуға арналған арнайы бағдарлама жасалып, жүзеге асырылсын» – деген

жолдар сөз бе сөз қайталайды. Мұның мағынасын ойланып барып жорамалдап қана түсінуге болады. «Ақ жол» партиясындағылар негізінен ірі өнеркәсіп иелері. Сондықтан да олар үшін «аудан» (район) деген сөз белгілі бір өндірістік алаңды білдіреді. Демек, ауылды жердегі «аудан» мен өнеркәсіп шоғырланған «ауданның» мағынасы да, оларға бөлінетін қаржының көлемінде де жер мен көктей айырмашылық бар.

Патриоттар партиясының сайлау алдындағы бағдарламасында: «Еліміздің экологиялық қауіпсіздігі шаралары жасалып, тиянақты түрде жүзеге асырылатын болады» деген іспетті жалаң сөздерден тұрады. Бұдан кейін әлгі «қауіпсіздік шараларына» не қамтылатыны жөнінде: «Арал теңізінің, Семей полигонының, «Байқоңыр» ғарыш айлағының күйзелісті мәселелерін шешуге әлем қауымдастығы белсене тартылатын болады. Каспий теңізінің атырауында, жалпы еліміздің бүкіл аумағында жұмыс істейтін шетелдік инвесторлардың жұмыс барысында сақтауға тиісті экологиялық стандарттар қайтадан қаралатын болады» [103] – деп көрсетілген. Бұл да алдыңғы партия жетекшісінің бағдарламасын қайталау және тағы да нақты шешімі көрсетілмеген жел сөзге құрылған.

«Әділет» демократиялық партиясының сайлау алдындағы бағдарламасы [104] – экологиялық мәселеге деген партиялық-саяси тиянақтылықты толықтай танытады. «Әділеттің бағдарламасы «Ақиқаттың ақ жолы» деп аталады және әділетті қоғам орнатудың 17 кезеңді баспалдағы ұсынылған. Сондай қадамның бірі – «Әділетті қоғамға қол жеткізетін алғышартты тарауда қамтылуға тиісті экология мәселесі болатын. Осы «кезеңді қадамды» аттау барысында жалпылама ұранға ғана жүгінбей, нақты шараларды да ұсынады.

Біз бұл бағдарламаның мәтінінен жалпыдан жалқыға қарай талдау байқаймыз. «Әділет» партиясы экологиялық күрделі мәселенің бар екенін ашық айтады, содан кейін бірден жалқылық ұғымға – жеке мәселеге көшеді, жағдайды жақсартатын нақты ұсыныстар жасайды: партия – «браконьерлер мен орманды заңсыз кесушілерді қатаң жазалауға» шақырады, «Биологиялық түрлі құбылыстарды (жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемінің сан түрлі тұқымдарын сақтау) қалпында сақтауды, суалудан сақтануды, қалдықтарды залалсыздандыруды жүзеге асыру үшін Қоршаған ортаны қорғайтын Ұлттық жобаны» (ҚОҚҰЖ) жүзеге асыруды ұсынады, «өзендер мен су қоймалары жағасына бейберекет құрылыс салуды тоқтатуды, оның айналасын шайынды су мен қалдықтардан тазартуды, заңсыз салынған құрылыстарды меншіктің қандай да бір түріне қарамастан бұзып тастауды, экологиялық қауіп-қатерге толы ауыр өнеркәсіп саласына (тау кен, кен байыту т.б.) экологиялық қауіпсіздендіру жүйесін енгізуді ұсынады.

Алайда «Әділет» партиясының сайлау алдындағы бағдарламасындағы кейбір дәлелсіз желеулер де кездесіп қалады. Құжатта: «Біз Экологиялық

кодекс қабылдаймыз және заң арқылы экологиялық сараптама жүргізуді және елді мекендерге жақын орналасқан құрылыстарға (өнеркәсіп ғимараты мағынасында алынып отырған сияқты – Н.Ж) бақылау жасауды қамтамасыз етеміз» – деп жазылған. Ал нағында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданып кеткен болатын [105]. Бұл арада, партия бұл Кодекстің кейбір баптарымен келіспеуі мүмкін, сондықтан да әңгіме Экологиялық кодекске енгілетін өзгерістер немесе мүлдем жаңа Кодекс қабылау туралы болып отыр деп топшылауға болады.

Шолуды аяқтай келе, кейбір қарапайым ғана экологиялық мәселердің дені өзге партиялардың бағдарламаларында бірінен бірі көшіріп алғандай, мағынасыз жалаң күйінде қайталана береді. Мұндай жағдайлардың кейбіреулерін «Нұр Отан» партиясының тезистерімен салыстыра отырып көрсете кеткенді жөн көрдік:

Кесте 2.3 – Бағдарламалар тезистерінің салыстырылуы

<p>«Нұр Отан»: – энергия қуатының баламалы көздерін дамытуды – энергия қуатын пайдалану саясатының тұрақты ұстанымы ретінде тұрақтандыру;</p>	<p>Патриоттар партиясы: «Қазақстан Патриоттары партиясы ғылымсал және жоғары технологиялық өндірісті, кіші және орта бизнесті, баламалы қуат көзін қолдайды.</p>
<p>«Нұр Отан»: – экологиялық мәдениетті игеру мақсатында азаматтарға жалпыға ортақ экологиялық білім беру жүйесін құру. Экологиялық ағарту жұмыстарын оқу орындарының оқу кестесіне енгізу;</p>	<p>«Әділет»: – «Біз оқу орындарындағы экологиялық тәрбиеге, табиғатты аялау мәдениетіне екереше назар аударатын боламыз.</p>
<p>«Нұр Отан»: – Партия жергілікті жолдарды қайтадан жөндеу, ауылдық жерлердегі елді мекендердің тұрмысын жақсарту, әлеуметтік және мәдениет объектілерін жөндеу, жасылдандыру, ауал ішіндегі жолдарды қалпына келтіру саясатын жалғастыратын боламыз.</p>	<p>«Әділет»: – Біз, ауылдық жерлерді, соның ішінде ауылдағы өндірістік және әлеуметтік құрылымдарды (жол мен тұрғын үй құрылысы, ЖЖБ құрылысы, мектеп, аурухана, мәдени мекемелер, суару жүйесі, электрлендіру, газдандыру, телефон мен интернет жүйесін енгізу және т.б.) дамытуға арналған кешенді бағдарлама жасап, жүзеге асырамыз. «Ақ жол»: – экологиялық ахуалы нашар жергілікті аудандарды қолдайтын бағдарлама жасап, оны жүзеге асырамыз.</p>
<p>«Нұр Отан»: – қоқыс қалдықтарын мүлдем залалсыздандыратын жүйені дамыту, дайын өнім шығарушылардың пайдаланылған шикізатты залалсыздандыру барысындағы</p>	<p>«Әділет»: –Біз қоқыс қалдықтарын залалсыздандыратын қазіргі заман әдістерін өндіріске енгіземіз. Дайын өнім шығарушыларды пайдаланылғаннан кейінгі қалдықтарды залалсыздандыруға мәжбүр етеміз.</p>

жауапкершілігін арттыратын шараларды күшейту.	
---	--

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенттігінен үміткерлер мен саяси партиялардың – депутаттық мандаттан үміткерлердің сайлау алдындағы саяси құжаттарына жасалған талдау – *саяси науқанға қатысқан тұлғалардың барлығының экология мәселесіне қатысты ұстанымдары екіұшты екені анық байқатты*. Бір қарағанда экологиялық мәселелер бағдарламалық құжат деңгейінде көтеріліп отырған сияқты әсер қалдырады. Ал екінші жағынан алып қарасаң, экологиялық мәселелерді шешу жолдары көмескі көрсетілген, нақтылық жетіспейді. Бұған қарағанда, саяси тұлғалар экологиялық мәселені қоғамдық өмірдің әр түрлі аспектілерінің соңына ала ескеретіні, тіпті, кей тұлғалардың мүлдем есінен шығып кететіні байқалады.

Бағдарламалардың дені екіұшты, тек жалаң және асқақ сөз тіркестеріне құрылған бопсаларға, ұранға, мәлімдемелерге құрылған. Мәлімдемелердің көпшілігі дәлелсіз және дәйексіз, жалқы мағыналы ережелермен «көркемделген». Мұның барлығы айналып келгенде, экологиялық жағдайды ойлау пайымының төменгі сатыда екендігін және саяси тұлғалардың қоршаған ортаны қорғауды одан әрі жақсарту жөніндегі жан-жақты екшелген бағдарламаларының жоқ екендігін танытады.

Экологиялық мәселеге дерліктей көңіл бөлінбеуінің бір себебі, сайлау алдындағы құжаттарға тән, қайсысы болса да нақты бір саяси тұлғаны діттеген мақсатына жеткізетін, көпшіліктің (сайлаушылардың) көңілін бірден өзіне аударып әкететіндей көтеріңкі лептің экологияға қатысты тақырыппен үйлесім таппауында жатса керек.

Осы жағдайларды ескере келіп, саяси тұлғалардың сайлау алдындағы бағдарламаларынан «экологиялық пікір пайымының» алатын орны туралы кесіп-пішіп айтудың өзі қиынға түскенін мойындауымыз керек. Мүмкін, уақыт өте келе, Қазақстан Республикасындағы экологиялық мәселелер ушыға бастаған тұста, немесе экологиялық мәселелерді шеше алатын жан-жақты қарастырылған ауқымды бағдарлама жасалған кезде, сондай-ақ азаматтық қоғам тарапынан ынталандыратын демеу табылғанда және саясаткерлер мен саяси партиялардың экологиялық мәселеге көзқарасы қазіргіден көрі байыпты әрі пайымды ұстанымға ие болған кезде, бұл тақырып саяси маңызы зор аспекті ретінде барынша тереңінен қозғалатын шығар, бұл, әзірше, болжам ғана.

2.2 Экологиялық қоғамдық қозғалыстар мен үкіметтік емес ұйымдар көтерген баспасөздегі жарияланымдардың пәрменділігі (1960-1991)

Аймақтық деңгейден әлемдік деңгейге көтерілген экологиялық апат туралы қазақ баспасөзінде өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғынан бастап ішінара ескерту деңгейіндегі хабарлар жариялана бастады. Ғылыми басылымдарда түрлі ұсыныстар жарияланды. Жетпісінші жылдардың бірінші жартысында, яғни, 1972 жылы 20 қыркүйекте ССРО Жоғары кеңесінің «Табиғатты қорғауды одан әрі жақсарту және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі шаралары турлы қаулысы», 1972 жылы 29 желтоқсанда КПСС ОК мен СССР Мемлекеттік кеңесінің «Табиғат қорғауды күшейту және табиғи ресурстарды пайдалануды жақсарту туралы» директивалық қарары», жаңа қалыптасқан экологиялық жағдайға байланысты 1975 жылы «Қазақ ССР-нің табиғатты қорғау заңы» толықтырылып қабылданған соң баспасөздерде проблемалық, ғылыми жобалық ұсыныс ретінде жазылған материалдар жиіледі. Сексенінші жылдары экология – негізгі көкейкесті тақырыптың біріне айналды.

Жетекші ғалымдар мен мамандардан құралған комиссияның тұжырымдары негізінде 1988 жылы қыркүйекте СОКП Орталық комитеті мен ССРО Министрлер кеңесі «Арал теңізі ауданындағы экологиялық және санитарлық жағдайды түбегейлі жақсарту, оның бассейніндегі су және жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырып, қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады. Онда: суармалы жер алаптарын кеңейтуді тоқтату, Әмудария мен Сырдария суларының ағуын, оның Аралға құйуына кепілдігін қамтамасыз ету деңгейін сақтау, бұзылған экологикалық теп-тендікті қамтамасыз ету міндеттері жүктелді. Ал ССРО Мемлекеттік табиғат қорғау комитеті, ССРО Жоғарғы кеңесі жанынан экология комиссиясы, соған орай Қазақ ССР табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің жанынан экологиялық комиссия, жергілікті жерде табиғатты қорғау ұйымдары құрылған соң (1989) республика көлеміндегі экологиялық күйзелісті аймақтар мен табиғатты қорғау мәселелері, соның ішінде Арал теңізінің суалуы экологиялық апат ретінде ашық айтылып, қоғамдық пікірдің негізгі ұйытқысына айналды. Ақын М.Шаханов төрағалық еткен қоғамдық негіздегі Арал мен Балқашты қорғау жөніндегі қоғамдық комитет республикадағы экологиялық сананы оятып, табиғи ортаны қорғау туралы қоғамдық пікір қалыптастыруда, экологиялық апаттардың зардаптарын анықтауда, зерттеуде белсенді әрі пәрменді бейресми мекеме ретінде халық қолдауына ие болды. Оған Қазақстандағы қазақ, орыс тілдеріндегі басылымдардың барлығы атсалысты.

1970-1991 жылдардың аралығындағы республиканың әр түрлі аймақтарында қалыптасқан экологиялық қауіпті жағдайлар туралы «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас», «Ленинская смена», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері» газеттері мен

«Жұлдыз», «Жалын», «Білім және еңбек», «Мәдениет және тұрмыс» сияқты әдеби-публицистикалық, ғылыми-көпшілік, мәдени-ағарту журналдары да өздерінің ұстанған бағыттарына орай проблемалық мақалаларды тұрақты түрде жариялап тұрды. Қазақ ССР табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары Торғай Шандыров «Экология және жариялық» атты көлемді ресми саралау мақаласы республикадағы қалыптасқан экологиялық проблемаларға егжей-тегжейлі тоқталып, негізгі қауіп төндіріп отырған өнеркәсіп салалары мен ауылшаруашылық аймақтарын, қала мен даладағы экологиялық зардаптарды, олардың себептері мен салдарын, күйзелісті жою жолдарын, соған орай қолданылып отырған мемлекеттік және қоғамдық шараларды барынша байыпты түрде талдап берген алғашқы жарияланымдардың бірі болды. Т.Шандыровтың назарынан сол жылдардағы экологиялық мәселелердің баспасөзде жариялану мен теледидардағы көрсетілімдері де тыс қалмады. Онда: «Республика тұрғындарының экологиялық мағлұматын толықтыру мақсатында насихат жұмыстарын сапалық жаңа деңгейге көтеру қажет. Мұның өзі қалыптасқан экологиялық жағдайға сын тұрғысынан байыпты баға беру өз алдына, сонымен қатар еңбекшілердің денсаулығын сақтау үшін де керек. Егер біз айнала қоршаған ортада болып жатқан өзгерістер жайлы жұртты алдын-ала хабардар етпесек, қатты шиеленіскен экологиялық проблемаларды терең түсіндірмесек, онда қоғам мүшелерінің ой-санасына да ешқандай әсер ете алмаймыз. Сол орайда экологиялық тәрбие жұмыстарын жастай жүргізіп, еңбектеген сәбиден еңкейген кәріге шейін – осы екіаралықта байсалды қолға алған жөн. Екіншісі бірі өзі тұратын, өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, суын ішіп отырған аймақтың, қала мен селоның, қала берді облысы мен республикасының экологиялық жағдайын бес саусақтай біліп отырса, нұр үстіне нұр дейміз. Яғни, бұл тұста білім де керек, біліктілік те қажет. Оның бәрін бойға сіңіретін, экологиялық мәдениетіміздің деңгейін жоғары көтеретін бұқаралық информация құралдары.

Қазақ ССР табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті экологиялық білімді насихаттау барысында республикалық газет-журналдардың редакцияларымен, радио және телевизия хабарларын тарату комитетімен, баспалармен берік байланыс орнатып, творчестволық ынтымақта жұмыс істеп келеді. Осы жерде ашық айтатын әңгіме – экология өскелең өмірдің өзі тудырған өткір тақырып. Оның жалынан ұстап, қаны тамып тұрған көкейкесті проблемаларын жұртқа дер кезінде жеткізу нақ қазір ауадай қажет. Бұл тұста Одақтық газет-журналдар батыл жазып жатыр. Орталық телевизияның кейбір хабарларына да кәміл айызың қанады.

Ал осы бір жақсы дәстүрді өз республикамыздың мысалында жалғастырып, елдің сауабын алсақ неғылсын! Осы мақсатта «Экология және

біз» деген тақырыпта республикалық конкурс жариялап, оның алғашқы қорытындысын да шығарып үлгердік. Айталық, республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері ай сайын «Адам және табиғат» атты арнаулы беттер беруді тұрақтандырғаны өз алдына, «Экология және өндіріс», «Қазақ ССР табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінде» рубрикаларымен өткір мақалаларды жиі жариялап жүр. Сол сияқты «Лениншіл жас» газетінде де экология тақырыбын меңгеруде өздеріне тән қолтаңбалары бар. Олардың әр облысқа, әрбір қиын деген аудандар мен аймақтарға арналған экологиялық экспедициялары соңында әжептәуір із қалдырып жүргені ақиқат.

Осындай жылы лебізді Қазақстан ЛКСМ орталық комитетінің де атына айтуға болады. Өйткені, онда экологиялық проблемаларға жас жігіттер мен қыздардың назарын көптеп аударуда жиі-жиі бас қосулар болып тұрады. Жоғары оқу орындарында экологиялық десанттар ұйымдастыру да жастар арасындағы экологиялық тәрбие жұмысының кәсіптік-техникалық училищелерде, мектептерде, балабақшаларында жаңа сипатта жүргізілуде. Экология сабағын мектептерде пән ретінде оқыту мәселесі республикалық халыққа білім беру жөніндегі комитеттің алдына батыл қойылып отырды.

Бұл жерде Қазақ телевизиясы мен Қазақ ССР табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеттің экологиялық клубы «Экология және біз», «Өмірдің өзін өзгертпей», «Телепедсовет», «Экология күнделігі», «Эхо» хабарларының тәрбиелік маңызы өлшеусіз. Бұл хабарларға республика министрліктері мен ведомство басшылары, ақын-жазушылар, журналистер, білікті мамандар және табиғатқа шын жанашырлық білдіріп жүрген жанкүйер қауым өкілдері кеңінен қатысып, ашық әңгіме кұруды дағдыға айналдырды. Экология тақырыбындағы бұл хабарлардың қай-қайсысын көріңіз, тек оған қатысушылардың ғана емес, жалпы көрермендердің экологиялық белсенділігі арта түскендігіне іштей куә боламыз. Мұнан екі-үш жыл бұрын олар экологиялық өмірдің қатпар-қатпарларын білуге тіпті де, дәме білдірмей келсе, ендігі жерде айнала қоршаған ортаның амандығын сақтауға деген құштарлық, ерік пен жігер екі есе, тіпті үш есе өскен. Халық бұл күнде экологиялық проблема десе ішкен астарын жерге қоюға бар», – деп [112, 32-34 б.] сол тұстағы баспасөздердің экологиялық тақырыпты игеруде жетекші орын алғанын ресми түрде атап өтті.

Бұл жарияланымдардың мақсаттары мен міндеттері, қамтыған тақырыптары, жанрлық түрлері мен мазмұндары, көлемі мен мәселені қою тұрғылары, пікір ұйымдастыру мен қоғамдық көзқарасты қалыптастыру тәсілдері әр түрлі деңгейде жүргізілді. Олар негізінен экологиялық мағлұмат пен түсінік беру, экологиялық сауат ашу мен экологиялық мәдениет, экологиялық сана мен экологиялық тәрбие бағытындағы танымдық сыпатта

жазылып, экологиялық үгіт-насихат, ғылыми пайымдаулар мен талдаулар, публицистикалық пафос пен сыни көзқарастар, ұсыныстар мен болжаулар тұрғысындағы мазмұндарды қамтыды. Бұған сол жылдары әуелі мерзімді баспасөздерде жарияланып, кейін «Табиғатым – тағдырым» [112], «Аралым – арым, Балқашым – бағым» [113] сияқты жинақтарға іріктеліп топтастырылған мақалалар шоғырындағы тақырыптардың ауқымы мен сыни және ғылыми көзқарастар толық дәлел. Соңғы отыз жылдың ішіндегі аса ауқымды жарияланымдардың барлығын топтастырып, жүйелеп, салыстырып, талдап көрсету мүмкін емес және оның өзі дербес библиографиялық көрсеткіштер жинағына айналып кететін болғандықтан да, әлі де көкейкестілігі жойылмаған кейінгі он жылдағы тек Арал теңізіне қатысты жарияланымдардың тізімін бере отырып [Қосымша Ә], көтерілген экологиялық мәселелердің тақырыптары бойынша шартты түрде жіктеп, қысқаша сандық мағлұматтар берумен шектелеміз.

Қазақстанда қалыптасқан жалпы экологиялық өзекті мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілуі және олардың сол мәселенің шешілуіне ықпалы, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы орны – Алматы қаласы мен Алматы облысында болып өткен қатты дауылдың және басқа да тұрмыстық-экологиялық факторлардың қала экологиясына келтірген зардаптары туралы жарияланған баспасөздегі материалдардың негізінде қарастырылады.

Оңтүстік астанада қалыптасқан қазіргі экологиялық мүшкіл жағдайдың түптің түбінде қауіпті апатқа айналуы мүмкін екендігін халыққа жеткізу, оның салдарын түсіндіру, қатердің алдын алу, оның зардаптарын жою шаралары туралы пікірлер мен жобаларды таныстыру барысындағы ақпарат құралдарының маңызы көрсетіледі. Сондай-ақ, Алматы қаласының экологиялық жағдайына халықаралық талап деңгейінде салыстырыла отырып баға беріліп, оның басты проблемалары аталады.

Экономика мен экология: 1) Қаржылық секторды тұрақтандыруға және банктерді қолдау үшін – 4 млрд. доллар (480 млрд. теңге), немесе бар тұрақтандыру сомасының 40%; 2) Тұрғын үй секторын дамытуға – 3 млрд. доллар (360 млрд. теңге), немесе 30%; 3) Шағын және орташа бизнесті қолдауға – 1 млрд. доллар (120 млрд. теңге), немесе 10%; 4) Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға – 1 млрд. доллар (120 млрд. теңге), немесе 10%; 5) Инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларға – 1 млрд. доллар (120 млрд. теңге), немесе 10% [114].

Экономиканы және оның нақты секторларын тұрақтандыруға арналған бұл шаралар, негізінен, тактикалық жоспар бойынша, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тиімді ықпал етуі тиіс. Халықаралық қаржы корпорациясы мен Дүниежүзілік банктің өткен жылғы 20 қазанда

басылып шыққан Doing Business – 2012 мәлімдемесінде Қазақстан 58-ші орыннан көтеріліп, 2011 жылдың рейтингі бойынша 183 елдің ішінде 47-ші орынды иеленді [115].

Бұл мәліметтер зерттеу тақырыбымыздағы мәселелерді шешуге тікелей қатысы болғандықтан да маңызды. Яғни, даму жолына түскен экономика ғана экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Ал, Қазақстанның қазіргі кезеңде сондай дәрежеге жеткеніне назар аудару қажет. Сондықтан да қордаланып қалған, апаттық жағдайға бет алған, өнеркәсіп орындары шоғырланған үлкен қалалардағы (мысалы, Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Павлодар), соның ішінде Алматыдағы экологиялық жағдайды реттеуге мемлекеттің күші толық жетеді және оған шұғыл кірісу керек – деген ұстанымымызды жеткізу, зерттеуіміздің мақсаты екенін ескеру қажет.

Бұл ретте, сол жинақталған экологиялық зардаптардың «көзі» мен түпкі себеп-салдарын, оның қоршаған ортаға, адамға келтіретін зиянының деңгейін анықтау, ол мәліметтерді қоғам мүшелеріне жеткізу, оны жоюдың жолдары туралы мамандардың пікірлерін талқыға ұсыну – баспасөздің тікелей міндетіне жатады. Әлемдік тәжірибелерге жүгінсек, ақпарат құралдары қалыптастырған қоғамдық пікірлер экологиялық мәселелерді шешуде жетекші орын алады. Баспасөзде көтерілген проблемалар жұртшылықтың пікірін тоғыстырып, түрлі қоғамдық қозғалыстар құруға алып келеді. Мысалы, Қазақстандағы халықаралық деңгейге көтерілген «Семей – Невада», «Арал», «Табиғат» қоғамдары соған дәлел. Экологиялық тақырыпқа әр қазақ басылымы белсенді түрде атсалысып келеді. «Егеменді Қазақстан», «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Айқын», «Алматы ақшамы» т.б. ресми газеттерде жалпылама тақырыптармен тұрақты түрде проблемалық мақалалар мен ғылыми мақалалар, репортаждар беріліп тұрды. Ал сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысында «Семей – Невада» халықаралық халықтық қозғалысы шығарып тұрған «Аманат» газетінде Семейдегі Дегелең және Батыс Қазақстандағы Азғыр атом полигондарының экологиялық апатқа әкелген зардаптары барынша батыл жазылды. Дегелеңдегі атом полигонының жабылуына «Аманат» газетінің әшкерелеуші материалдарының ықпалы ерекше. Өйткені ондағы жарияланған мақалалар арқылы қоғам мүшелері атом сынақтарының зардаптарынан барынша хабардар болды. Халықаралық қауымдастықтар да сол арқылы құлақдарланып, біріге күш жұмсап, қолдау көрсетті. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстандағы «Дидар», Оңтүстік Қазақстандағы «Ақиқат» газеттері де ауыр металл заводтарынан шығатын өнеркәсіптік улануларға қарсы белсенді бағыт ұстанды. Ал республикадағы экономикалық қуаты әлеуетті әрі экологиялық табиғи апат қауіпінің ең шетін аймағы – Алматы қаласы болып табылады.

Тасқын мен дүлей дауыл, жер дүмпуі қауіп төндірген «таз таулар» қоршаған қала. Алматы – халықаралық қаржы қоры мен сауда орындары, мәдениет пен және ғылым ошақтары шоғырланған және республика тұрғындарының басым көпшілігі тығыз қоныстанған Қазақстанның аса ірі геосаяси стратегиялық мәні бар орталығы. Сондықтан да бұл қаланың экологиялық хал-ахуалы қазақстандықтардың да, халықаралық қауымдастықтардың да ерекше назарына ие. Тау мен жасыл орман қоршаған табиғаты сұлу болғанымен де, сол «сұлулықтың астында» қатерлі табиғи апаттар бұғып жатыр. Іле Алатауы дүние жүзіндегі ең жас таулардың қатарына жатқандықтан да жер асты қыртыстарындағы күшті тектоникалық қозғалыстар әлі тұрақтамаған. Салыстырмалы түрде алғанда Алматының жер асты рельефінің құрылымы Афины мен Лос-Анджелес қаласының жер асты бедеріне өте ұқсас. Бұл үш қала да тау қолтығында орналасқандықтан да тұрмыстық-экологиялық жағдайы аса ауыр аймақтардың қатарына жатады [116].

Бұрын Алматы қаласына қауіп төндіретін екі табиғи фактор бар болатын. Ол – жер сілкінісі мен сел еді. Қазір жоғарыда аталған апатқа үшінші фактор қосылды. Ол – дүлей (смерч) дауыл. Кейінгі он – он бес жылда тосыннан пайда болып, құйыннан жойқын күш иесі дүлейге ұласып, жолындағыны тасталқан ететін қатерлі дауылды тудырған экологиялық апаттың басты себепкері – экономикалық даму үрдісі жоғары ірі қалаларға тән табиғи тепе-теңдіктің сақталмауы, экономика үшін экологияны құрбандыққа шалудың кесірі. Тау қолтығында (бұрын Алматыны «Қолтық» деп те атаған) орналасқан әлемдегі ең жасыл қаланың біріндегі ауа ағысы мен айналымын табиғаттың өзі табиғи түрде реттеп отыратын. Сайын сақарадан келген аптап ауа, ыстық жел таудың суық ауасымен кең кеңістікте еркін араласа алмасып, қалаға салқын самал жел болып есетін. Ал, қазір қаланың көлемі тым далиып кеткендіктен және Медеу аңғарындағы «жел өтіне» бөгеттер мен тоспалар салынып, зәулім ғимараттар бой көтеріп, ауа ағысына тосқауыл қойғандықтан да «қысымға шыдамаған самал жел» құйындатып барып дүлейге айналатын болды. Бұл дүлей – Алматы қаласына жыл маусымдары ауысқан сайын қауіп төндіретін «тұрақты экологиялық апат» сыпатын алады деген күдік бар.

Мысалы, 2011 жылдың 17 мамыр күні қала аймағы мен Медеу шатқалында аса жойқын дүлей соқты. Соның салдарынан тау беткейі мен қыраттардың бетін жауып, құм-шағылдың көшкінінен сақтап тұрған шымды тамырымен ұстап тұрған 64 мың түп Тянь-шань қарағайлары мен шыршасы түбірімен қопарылды [117]. Ал тура бір айдан кейін қайталап соққан дүлей құйын Алматының қыраттарындағы 5 мың жасыл көшетті тамырымен қоса жұлып әкетті [118]. Алматы қаласында бұрын-соңды кездеспеген мұндай табиғи апаттың тосыннан орын алуы қала тұрғындарын ғана емес, ауа райын

бақылайтын ғылыми мекемелер мен төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің қызметкерлерін де, эколог мамандарды да таң қалдырды.

Ыстық, суық ауаның ағысы мен «қолтықтағы қалаға тығылған» ауа ағымын реттейтін Медеу шатқалындағы «желдеткіш аңғардың» мүмкіндігін саралай келгенде ғана апаттың себебі анықталды. Бұл табиғи апаттың себебін «еліміздің бас экологы» атанған «Табиғат» қоғамының президенті М.Елеусізов өзінің баспасөзге берген сұхбатында: «Мамыр-маусым айларында болған дауылды дүлейдің басты себепкері – Алматы қаласында қалыптасқан экологиялық қауіпті жағдайдың мүшкіл халі екенін анық», – деп мәлімдеді[119].

Оның мәнісі былай екен. Бұрын сонау солтүстіктен келген салқын ауа ағысы жолында «көлденең көлбеп» жатқан Іле Алатауын сағалай келіп Қолтыққа – Алматыға тығылып, Медеу шатқалындағы аңғар арқылы кеңістікке шығатын. Табиғаттың өзі салған «желдеткіш жолы» арқылы қозғалған ауа ағымы қаланы қоршаған аңғарлар мен қыраттарды дегдітіп, жердің буын бойына сіңіріп, ыстық ауаны салқындатып, самалға айналдыратын. Қала шеңбері ұлғайып, өнеркәсіптік және тұрмыстық мұқтаждықтарды өтейтін тұтыну сұранымының табиғаттың реттегіш мүмкіндігінен тым жоғары болуының нәтижесінен, ауа ауысымы қозғалысына кедергі келтірген. Жылу жүйесі станцияларының түтіні, автокөліктердің улы газдары ауаны ыстап, маусымдық температураны көтерген. Бұған жел ағысына салынған «тас ормандар» – биік ғимараттар, алып тоспалар да кесірін тигізген. Сөйтіп, суық және ыстық ауа тар қолтықта булығып, алуан түрлі табиғи реакцияларға түсіп, құйындатып басталып, апатты дүлей күшке айналады. Бұрын қаланың шеті мен көшені қуалап, ішінара ғана кәрі ағаштарды сындырып, аңғардан сытылып шығатын құйын, енді қала кеңейген соң шығатын жол іздеп шырқ үйіріліп, «тас ормандарға» соқтығысып барып жоғары өрлеуге мәжбүр болғандықтан да еріксіз «ұңғы» (воронка) жасап, дүлей күшке ұласады. Тау бөктері мен Іле Алатауының басындағы ағаштардың тамырымен қопарылып жусап қалатыны да сондықтан екен.

Бұл құбылыс, яғни, дауылды дүлей Іле Алатауының жасыл әлеміне, әсіресе, Іле Алатауының таулы орманы мен бақша-бауына, сол арқылы қаланың қалыпты өмір сүруінің өзіне үлкен қауіп төндіріп тұр. Баспасөздегі жарияланған орман шаруашылығының мамандарының мағлұматына сүйенсек, Алматы қаласын қоршаған таулы аймақта барлығы 2 000 000 түп ағаш бар көрінеді. Мамандардың есептеуі бойынша 2011 жылы мамыр айында өткен екі дауылдан кейін 60 мың түптен астам ағаш (емен, қарағай, шырша, терек, қайың, үйеңке, қарағаш т.б.) құлаған. Бес мың түптен астам бұтақтары опырылған ағаш айналасына қауіп төндіретін болғандықтан да кесілген. Ал бұдан бір жыл бұрын, яғни, 2010 жылы он мың түптен астам көшет кесіліпті

[120]. Бұл үдеріс жалғасқан жағдайда, он жылдан кейін қала ауасының құрамына оттегі жетіспейтін болады. Қалыптасқан мөлшер бойынша бізді қоршаған атмосфераның құрамында 21% оттегі болуы тиіс. Ал қазір Алматы қаласының атмосферасының 17% ғана оттегі құрайды екен. Гидрометеорологиялық мониторинг орталығының мәліметі бойынша, Алматының атмосфералық ауасының ластану деңгейі барынша мүмкін концентрациялық мөлшерден жоғары [121].

Қала мен таулы өңірдің ағаштарын жусатып түсірген тұтқиылдан соққан жойқын дүлейдің соңынан жауған бұршақты нәсер екінші бір күтпеген экологиялық апатты тудырып отыр. Жер қыртыстарының бетін жапқан шым қабаты оны ұстап тұрған ағаштардың тамырынсыз қалған соң, қопарылған тамырдың шұңқырына, көлденеңдеп жатқан ағаштардың діңіне жиналған шөп-шалаң мен қоқыс, лай, топырақ бөгеп қалған су жер қыртысын кеулей жіпсітіп, шым мен сар топырақтың жігін ажыратып, әбден су сіңген соң жалаңаш қалған жасыл жоталардың «құйқасы» сыпырылып түседі. Яғни, мұқым тау беткей лайлы көшкінге айналып, жиналған судың кесірінен сеңге ұласады. Мұндай оқиға тау беткейлерінен жиі орын алады. Мысалы, осыдан 20 жылдай бұрын Жалаңаш жотасы сыпырылып түсіп, бүкіл бір қырат «таз тауға» айналды. Алматының қыратты жерлеріне орналасқан Есентай, Қарғалы, Қырғауылды аймақтарындағы көптеген тұрғын үйлер сондай апатты жағдайға душар болып отыр. Мұндай оқиғалар Алматы қаласының төңірегінде жиі орын алып келеді. Ал, қия беттегі жердің құйқасын бекіту үшін шым мен сарытопырақты, қиядағы шағылды қиыршықтарды жерге «шегелеп» тұратын тамырлы ағаштар мен бұталар отырғызып, сатылы текшелер (терасса), тоспалар жасалуы тиіс. Бұл мәселелердің зардаптары мен оны жою жолдары Алматы өңіріне ғана тән болғандықтан да, «Алматы ақшамы» және «Вечерняя Алматы» газеттері мен аймақтық теледидар каналдарында анда-санда репортаждар мен мақалалар жарияланып, телехабарлар беріліп келеді [122]. Алайда бұл жарияланымдар мен көрсетпелер үлкен экологиялық мәселе ретінде көтерілмей, репортаждық, фоторепортаждық қана сыпат алып отыр.

Алматының басына төніп тұрған экологиялық-тұрмыстық қауіптің үшінші түрі «әлемдік жылыну» мәселесімен тікелей астасып жатыр. Бұрын Іле Алатауының шыңдары жыл он екі ай бойы қар «жамылып» жататын. Қазір бұл көрініс мүлде өзгеріске ұшырады. Шыңдардың басындағы қар ұзақ тұрмай, шілденің ішінде еріп кетеді. Тіпті «мәңгілік мұздақтардың» да көлемі азайып, жыл өткен сайын етегі түріліп келеді [123]. Мысалы, Алматы мен Іле өзенінің сол тармақтары бассейніне кіретін Іле Алатауы жотасының солтүстік бөктеріндегі мұздықтардың көлемі соңғы 50 жылдың ішінде – 40, 8%-ға, нақтырақ айтсақ – 117, 26 шаршы шақырымға азайған. Ал, Күнгей Алатау жотасының солтүстік бөктеріндегі (Шелек өзенінің бастауы) мұздықтардың

көлемі 30%-ға, , нақтырақ айтқанда – шамамен 86 шаршы шақырымға кеміген [124].

Міне, осындай тұрмыстық-экологиялық мәселеге мемлекеттік мекемелердің, қоғам мүшелерінің, ең бастысы қала тұрғындарының назарын аударып, шұғыл шара қолдану туралы пікір ұсынған белсенді қоғамдық құрал – баспасөз болды. Бұл мәселелер КСРО тұсында да баспасөз арқылы көтеріліп, Алматы қаласына осындай сыпаттағы экологиялық апаттың төнуі мүмкін екендігі алдын-ала болжанған болатын. Одан сақтандырудан бірнеше жобалар қарастырылды, соның ішінде – түтін шығаратын қатты жанармайды газға алмастыру; автомобиль жолдарындағы қозғалысты азайту үшін айналма жолдарын салу; аспалы метро салу; экологиялық аудандар жасау; трамвай-троллейбус қана жүретін экологиялық аймақ құру идеясы ұсынылды. Соның ішіндегі ең ірі ғылыми жоба – Алматының қолтығындағы Медеу аңғарына көлденең жатқан тауды тесіп, желдеткіш дәліз жасау, сөйтіп, тау аңғарын желдеткіш ретінде қолдану туралы ұсыныс болатын. Жазушы Ә.Әлімжанов ұсынған бұл идея сол кездегі «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Ленинская смена», «Вечерняя Алма-Ата» газеттерінде талқыланып, ғылыми мекемелердің жобалық тақырыбына енді. Алайда СССР жоспарлау комитеті бұл жобаны қолдамағандықтан да, мекемелердің арасындағы «жоспарлы тақырып» күйінде қалып қойды. Оның орнына, Алматы қаласының негізгі жоспарлы даму бағытындағы елеулі экологиялық проблема ретінде жер сілкінісінің зардаптары мен селден сақтану шаралары бірінші кезекке шықты. Бұл шаралардың сәтті нәтижелері ретінде, 1964-1967 жылдар аралығында салынып, 1972-1974 жылдары аралығында одан әрі жетілдірілген Медеудегі үлкен тоспа-көпірі, сондай-ақ Алматы қаласында салынатын ғимараттардың іргетасының 9 баллдық зілзалаға шыдас беретіндей стандарттық нормасының кіргізілуін, оған мысал ретінде 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйінің салынуын атап өтуге болады. Ал жоғарыдағы «Алматы-Медеу ауа желдеткіші дәлізінің» мәселесі шешілгенше «ауаның қозғалысына бақылау жүргізудің тиімді жолдарын қарастыру» көзделген болатын [125].

Алматы қаласын экологиялық апаттан сақтандыру жобалары күйреген кеңестік империямен бірге «келмеске» ала кетті де, соңында тек Алматыны апатқа әкелетін проблемалар қалды. Мемлекеттік құрылым мен саяси жағдай өзгерді. Бұрынғы экономикалық байланыстар үзілді. Өмір сүрудің өзі проблемаға айналды. Осы тұста жоғарыда айтылған экологиялық қауіпке назар аударуға мемлекеттің де, жұртшылықтың (общественность) да мүмкіндігі болмады. Керісінше, бұл мәселелер жаңа екпін алып, бұрынғыдан да күрделене түсті. Дала жұртының қалаға жаппай көшуінен қала халқының саны өсіп, бір қабатты үйлердің есебінен экологиялық қолайсыз аймақтың көлемі үш есеге артты. Тұрмысқа қажетті коммуникациялар

жүргізілмегендіктен де табиғи отынды пайдаланушылардың есебінен ауаның ыстануы еселей артты. Басқасын былай қойғанда, қаланың санитарлық тазалығын сақтау үшін қаланы күл-қоқыстан тазартудың өзі үлкен алаңдатарлық проблемаға айналды.

Mercer Human Resource Consulting мәліметі бойынша, Алматының ластануы дәрежесі 39, 1 деген деңгеймен белгіленіп, әлемдегі ең лас 215 қаланың тізімінің ішіндегі алдыңғы қатардағы 9-орнында тұр (Forbestің ақпаратына сүйеніп, ескерте кетеріміз, барлық қалалардағы денсаулық пен тазалыққа қатысты экологиялық ахуалдың көрсеткіші Нью-Йоркпен (100 ұпайға тең) салыстырылып берілген. Сол көрсеткіш бойынша есептегенде, әлемдегі ең лас қала – Баку (27, 6), ең таза қала – Калгари (Канада, көрсеткіші 131, 7) деп бағалап шыққан [126]. Аталмыш тізімдегі алғашқы 25 орынды иемденген қала тұрғындары үшін аспандаған қара түтін, қышқылды жауын мен ағынды ақпа сулар күнделікті өмірдің үйреншікті бір көрінісі болып табылады). Зерттеуді жүргізген ұйым Алматы қаласындағы экологиялық қауіптің орын алу себептерін:

«Мұнай өндірісіне негізделген қарқынды ынтымақтастық (бәселестік) пен қоршаған ортаны ластанудан қорғау шараларының жеткіліксіздігі – бұл қаланың экологиялық дағдарысқа ұшырауына негіз қалап отыр. Қаланы қоқыс пен уытты қалдықтардан тазартып, қала жағдайын жақсарту шараларының бағасы аса қымбат, бірақ немкеттіліктің бағасы одан да қымбатқа түсіп отыр», – деп атап [127] көрсетті.

Алматы қаласының атмосферасына зарар әкелетін ысталған газдың негізгі себепкері – жылу жүйесі мен электр қуатын өндіретін кәсіпорындар, автокөліктер мен өнеркәсіп орындары. Соның ішінде, зиянды газдың 80% жуығы автокөліктердің «еншісіне» тиесілі. Яғни, бұл рұқсат етілетін мөлшерден 3-4 есе жоғары деген сөз.

Тығырықтан шығар тар жол. Енді, жоғарыдағы экологиялық көрсеткіштер мен олқылықтардың орынын толтыруға тиісті мемлекеттің экономикалық мүмкіндігін салыстырып көрейік. Өйткені барлық экологиялық проблеманы экономикалық дәрменсіздікпен түсіндіру – Қазақстанның мемлекеттік даму саятына кереғар, әрі намыс болуы тиіс. Өйткені, Киото протоколы бойынша Қазақстанның өнеркәсібінің қарқын алу деңгейі дамыған мемлекет ретінде ресми танылды (Қазақстан рейтингтің «В» қосымшасына емес, КП 1 қосымшасына кіргізілген. Ол дегеніміз мемлекеттің өнеркәсібі дамыған). Бірақ бұл рейтингтегілерге әлі де болса жеңілдік бар, яғни, зарарлы заттектерді шығаруды азайтуға заңды түрде міндетті емес. Біз бұл арада мемлекеттік протоколмен қарастырылған қаражат механизмдерін экологиялық жобаларға жұмсай алмайтындығы ережесін меңзеп отырмыз – Н.Ж.). Копенгаген шарты бойынша, 2020 жылға дейін CO₂ шығатын өнімнің

көлемін 1992 жылмен салыстырғанда 15 пайызға, 2050 жылға дейін 25 пайызға азайтуға Қазақстан ерікті түрде келісім берді. Бірақ әзірге бұл мақсаттың қалай орындалатыны анық емес. Өйткені, қазіргі уақытта өндірістегі өнімдердің зарарлы зат бөліп шығару мөлшері азаймай отыр, керісінше, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қазақ ғылыми-зерттеу институтының бірлескен болжамы бойынша, СО₂-нің деңгейі 2017 жылы 1992 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда асып түсетінін ескертеді. Кейбір деректерге жүгінсек, бұл көрсеткіш қазірдің өзінде орын алып отырған сияқты[128].

Алматы қаласына төнген осындай апаттар қазақ баспасөзінің негізгі тақырыптарының біріне айналды. Қазір мұндай экологиялық апаттардың алдын алу былай тұрсын, соның зардаптарын жоюдың өзі тиісті деңгейде жүзеге асырылмай отыр. Үлкен жобаларды былай қойғанда, міндетті түрде шұғыл атқарылуы тиіс: Іле Алатауындағы жапырыла құлаған орманды тазарту; оның орнына жас өскіндер егу; көліктерден шығатын түтінді азайту; ТЭЦ-терден шығатын ыс мөлшерін кеміту; жылыту мақсатында отын жағатын үйлерді газдандыру сияқты тұрмыстық-экономикалық шаралар пәрменді түрде қолға алынбай жатыр. Бұған мемлекеттік мекемелердің назарын аударып, қоғамдық пікір туғызу мақсатында жекелеген журналистер мен Мелс Елеусізов бастаған республикалық тәуелсіз «Табиғат» экологиялық одағы әр деңгейде экологиялық мәселе көтереді. Бұл проблема жайында баспасөз беттерінде ұдайы мақалалар жарияланып келеді. Қала аймағындағы экологиялық жағдайға адамдардың өздерінің тигізіп отырған кері әсерін жұртшылық назарына ұсынады. «Табиғат» одағы ұйымдастырған «Таза оралым» (квартал), «Таза жағалау», «Таза орман», «Таза көше», «Таза демалыс аймағы», «Таза бұлақ», «Жасыл көшет» сияқты т.б. қоғамдық шаралар барлық баспасөздерде жазылып, насихатталды.

Алайда, соңғы жылдары орын алған аса ірі экологиялық апаттар туралы зерттеліп жазылған пайымды ақпарат материалдары сирек. Апаттың зардаптарынан мағлұмат беретін батыл да, өтімді мақалалар қазақстандық басылымдарда тұрақты басылмайды. Телекөрсетілімдер де берілмейді деуге болады. Тіпті, экологиялық апаттардың өзі ресми басылымдарда толық жазылмайды. Мысалы, таудағы су қоймасы бұзылып, тоспаның көмейінде тұрған Қызылағаш ауылын жермен жексен етіп, Балқашқа дейінгі аралықтағы Егінсу сияқты елді мекендерді басып өткен селдің астында қалған адамдардың саны, экономикалық шығын мөлшері, мұндай табиғи апатқа душар еткен мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің жіберген қателіктері әлі күнге дейін толық жарияланған жоқ. Тек, жеке адамдардың тағдыры, үкіметтің кешігіп қолданылған шараларын насихаттау, үкімет пен әкімдердің апаттан кейінгі қалпына келтірген болымсыз да, толымсыз шараларын мемлекеттік жетістік ретінде бағалау, қасіретті салтанатқа айналдыру (зардап шеккендерге

үй беруді салтанатты түрде ұйымдастырып, теледидардан көрсетілді) үрдісі белең алды. Мұның өзі еркін баспасөзбен үкімет арасындағы түсіністіктің жоқтығын танытады. Апаттың зардаптары «бітеу жараға» айналып отыр. Өзгені былай қойғанда, шетелдік туристердің «таң қалатын айнасына айналған» Медеу шатқалындағы апатқа ұшыраған, жайрап жатқан орманды тазартып, оның орнына жас көшетті қалай отырғызу мәселесін мемлекеттік комиссияның шеше алмауы соны аңғартады.

Бұл ғаламның жаппай жылынуымен тікелей байланысып жатқан апат. Оған шұғыл шара қолдану қажет. Әйтпесе, жер шарын қамтитын ұлы апаттың «жергілікті» көрсетілімі сияқты бет алады. Бұл кішкентай ғана экологиялық мәселе емес, ұлттық, мемлекеттік мәселе. Сондықтан да, мұндай экологиялық зардаптың алдын алу шараларын, қам-қарекетін жұртшылық білуі тиіс. Ол үшін экологиялық қауіп-қатер мен оның зардаптары туралы өкімет пен баспасөз арасындағы диалог ашық, жария және өзара сенімге ие болуы керек. Өкінішке орай барлық жерде мұндай түсіністік орын алып отырған жоқ. Адамның өз қолымен, өзінің жауапсыздығынан, мемлекеттің немқұрайлығы мен шарасыздығынан туындап отырған мұндай экологиялық қатерді адамдар білу және түсінуі тиіс. Мағлұмат талап етуге, мемлекеттік шараларға тікелей араласуға тұрғындардың құқысы бар. Бұл екі жақтың дәнекері – тек баспасөз. Сонда ғана, Іле Алатауындағы орман апаттарына жол берілмейді.

2.3 Қатерлі аймақтар: БАҚ жарияланымдарының жанрлық ерекшеліктері және тақырыптық типологиясы.

Арал теңізі – деңгейі толып тұрған кезінде көлемі жағынан дүние жүзінде 4-орын алатын, Тұран ойпатының етегін баса орналасқан, Жалпы ауданы 64, 5 мың шаршы шақырым, теңіз деңгейінен биіктігі 53 метр, ені 235, ұзындығы 428 шақырым, көлемі 690 мың шаршы шақырым, суының көлемі 1000 куб шақырым шамасындағы, ең терең жері 67 метрге жететін, 1960 жылға дейінгі абсолютті биіктігі 53, 4 метр, ал деңгейі төмендей бастаған 1967 жылы 51, 66 метрге шегінген көл [129, 438 б.]. Әмудария мен Сырдария суының 90 пайызы суландыру жүйесіне пайдаланылғаннан кейін оның деңгейінің төмендеуі 2000 жылдың бас кезінде 1950 жылмен салыстырғанда 22 метрге жетті. Су айдыны әуелгі жағасынан 200 шақырымға дейін алыстап кетті. 1989 жылы теңіз Кіші және Үлкен теңіз боп екіге бөлінді. Қамысты тоғайлардың аумағы 550 мың гектардан 18 мың гектарға азайған. Судың тұздылығы Кіші Аралда 2 есеге (18 промиллге), Үлкен Аралда 10 есеге (100 промиллге) артып, 40 пайызға жетті. Арал теңізінің тағанынан көтерілетін 2 миллион тонна улы тұзды шаңның тозандары Антарктида, Гренландия мұздықтарының құрамынан, сондай-ақ жер шарының әр түкпіріндегі ормандар мен егіс алқаптарынан табылған. Сырдарияның сағасының тұздануынан жыл сайын 10-15 пайыз жер істен

шығады. Топырақтың тұздануы мен сортаңдануы – Өзбекстанда 60, Қазақстанда – 60-70 пайызға жеткен. 178 омыртқалы жануарлардың 38 түрі ғана қалған. Арал, Мойнақ, Қазақдария порттары, 17 балық шаруашылығы, 10 балық өңдейтін завод, 2 балық комбинаты жабылған. Жаңа туған 1000 баланың 75-і шетінеп отырған. Экстремалды санитарлық-эпидемиологиялық жағдай қалыптасып, республикалық апат ауданы ретінде жергілікті тұрғындар өзге аудандарға көшірілді.

Мұндай экологиялық апатқа ұшыраудың басты себептерінің бірі және бірегейі – Амудария мен Сырдарияның суының мақта мен күріш және де басқа егістік дақылдарға мөлшерден тыс пайдаланылуы. Мысалы, 1960 жылмен салыстырғанда осы екі өзеннің суына сүйеніп игерілген жердің көлемі «Өзбекстан мен Тәжікстанда – 1, 5 есеге, Түркменстанда – 2, 4 есеге, Қазақстанда – 1, 7 есеге өсті. 1971-1975 жылдары суарылған жер көлемі Ферғана жазығында – 1, 1 миллион гектарға, Оңтүстік Қазақстан облысында – 427 мың гектарға, Қызылорда облысында – 228 мың гектарға ұлғайды. Сырдарияның суы 1950-1970 жылдардың аралығында Қайраққұм (4, 2 куб/км), Шардара (5, 7 куб/км), Шарбақ (2, 0 куб/км), Әндіжан (1, 7 куб/км) су қоймалары арқылы реттеліп отырды» [130, 123-125 б.]. Ал жетпісінші жылдардың соңына қарай Амудария Аралға құюын мүлде тоқтатты [113, 169 б.].

Арал теңізін құтқару туралы Өзбекстан мен Қазақстанда республикалық (1989), республикааралық (1989), одақтық (1990) қоғамдық ұйымдары құрылды. Біріккен ұлттар ұйымында қаралып, Бас хатшы Пан Ги Мунның Аралды құтқару туралы ашық хаты (2010, сәуір) таратылды. Уақыты өтіп кеткен апаттың бетін қайтаруға бұл шаралардың барлығы да тиісті нәтиже бермеді. Ақырында Қазақстан өз жерінен ағып өтетін Сырдарияның суы құятын Кіші Аралды Үлкен Аралдан Көкарал бөгеті арқылы бөліп тастау жобасын жүзеге асырды. 2005 жылы Көкарал тоспасы салынып біткен соң Кіші Аралдың суының деңгейі 42 метрге көтерілді [130, 123-128 б.].

Әрине, бұл Арал теңізін толықтай қалпына келтіруге қабілетті шара емес. Алайда республика территориясындағы экологиялық апаттың жаппай зардабын біршама бәсеңдетуге, теңіз тұрғындарының жаппай қоныс аударуына, яғни, Арал аймағының иесіз қалуына араша түсетіндей игілікті шара болды.

Балқаш-Алакөл су бассейні. БАҚ алаңдатқан екінші бір үлкен күйзелісті аймаққа жатады. Жетісудың жеті өзені атанған – Іле, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аякөз, Сарқан, Басқан және Биен өзендерінің соңғы бесеуі қазір Балқашқа құймайды. 1970 жылы іске қосылған Қапшағай су қоймасы және Бартоғай бөгеті мен Үлкен Алматы каналы Ілеге құятын Шелек өзенінің көмейін тығындап тастады. Іле өзенінің атыраулары мен ағыс бойындағы Ақдала,

Шарын күріш алқабы, Шеңгелді көкөніс алабы да судың мол қорын арнасынан бөліп әкетті. Соның кесірінен 1965-1990 жылдар арасында Балқашқа құятын судың көлемі 25% кеміп, деңгейі 2 метрге төмендеп кетті. Соның салдарынан балық аулау соңғы жылдары 5 есеге азайды, 1960 жылдары жылына 1, 5 миллионға жуық бұлғын терісі ауланса, қазір бұл шаруашылық мүлдем жойылған. «Қызыл кітапқа» енген аққу, бірқазан, көкқұтан жоқтың қасына теңелді. Сонымен қатар аса улы заттар шығаратын Балқаш мыс комбинаты, Приозер, Ақсүйек кен байыту кешені, Текелі қорғасын-мырыш комбинаты, Сарышаған полигоны қоршаған ортаға аса зор зиян тигізіп, жылына бөлінетін залалды заттардың мөлшері 280-320 мың тоннаға, соның ішінде көлге тікелей төгілетін мыстың көлемі 76 тонна, мырыштың үлесі 68 тоннаға қорғасынның қалдығы 66 тоннаға жетті. Эколог-ғалымдардың есептеуінше бұл зиянды көрсеткіштер содан бері 2 есеге өскен [25, 160-162 б.; 130, 132 б.; 113, 144-242 б.].

Осы аймақтағы экологиялық апаттың Арал теңізінің тағдырын құшып, Балқаш теңізінің Батыс және Шығыс аралы болып екіге бөлініп кету қаупі төнгені алаңдатарлық шындыққа айналып бара жатқандықтан да 1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгінгісі мен болашағы» атты халықаралық экологиялық форум өтті. Онда Балқаш қасіретінің алдын алу шарасы ретінде: Іле өзені бойындағы өндіріс орындарында суды тиімді пайдалануды реттеу; Қапшағай суқоймасынан Балқашқа жіберілетін судың үлесін тұрақтандыру; Ақдала және Шарын алқабындағы күріш егістігін азайту; жер асты суларын пайдалану; суармалы жерлердің көлемін шектеу – туралы шешім қабылданды [25, 160-162 б.]. 2005 жылы халықаралық екінші форум өтіп, соның нәтижесінде «Қазақмыс» корпорациясы залалды заттардың ауа мен суға таралуын біршама азайту бағытында шаралар қолданды. Алайда Балқаштың деңгейін толтыратын негізгі су қоры – Іле өзенінің жоғары ағысы ҚХР басталатындықтан да, олардың суды пайдалану мөлшері алдағы уақыттағы демографиялық өсім мен өнеркәсіптің шоғырлануына байланысты 3-4 есеге көбейту туралы жобасы тиісті алаңдаушылық туғызып отыр. Осыған орай «Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау туралы» келісім жасалды. Алайда Қазақстан жағының Балқашқа келіп құятын өзендердің су мөлшерін азайтпау туралы ұсынысы қабылданбады [80, 133 б.]. Іле өзенінің арнасын таза сақтау туралы «Табиғат» қоғамы бірнеше рет ғылыми экспедиция ұйымдастырды. Бұл шаралар және де өзге де экологиялық мәселелер баспасөз беттерінде кеңінен қамтыла жазылды [112, 173-181 б.; 130, 66-88 б.; 48.].

Жалпы су ресурстары және Каспий теңізіне құятын өзендер мен оның атырауындағы экологиялық күйзелістер қазақстандық БАҚ-тың аса ауқымды тақырыбы болып табылады. Арал мен Каспий теңіздерінің, Балқаш көлінің,

Сырдария, Ертіс, Жайық, Шу, Талас сияқты шетелмен шектесіп жатқан дариялармен, Іле, Лепсі, Ақсу, Есіл, Нұра, Торғай, Кеңгір, Жем, Ырғыз сияқты республика ішіндегі өзендердің суалу себептері мен оның салдары туралы жарияланған мақалардың кейінгі он жылдағы толық емес санының өзі мыңнан асады. Солардың ішінде С.Байхоновтың «Шындық шекарасы немесе табиғат қорғау мәселесінің кейбір проблемалары» [112, 3-15 б.], Р.Отарбаевтың «Ертеңі жоқ бүгінге болған құмар: 1. Еділ, Жайық екі өзен. 2. Каспий, Қакабұғаз [112, 38-58 б.], Қ.Тоқмырзиннің Алпыс екі сала тағдыры: 1. Електің басы – Есенбай, 2. Жемнің басы – Мұғалжар 3. Ойылдың басы – Ойбұлақ» [112, 89-111 б.], М. Рысдәулетовтің «Балқаш балықты болса» [112, 173-180 б.], А.Ормантаевтің «Бұлақтар жылап емес, күліп ақсын немесе сарқыла бастаған бастаулар жайлы сыр» [112, 181-191 б.] атты талдау мақаларында – Қазақстанның әр аймағындағы үлкенді-кішілі өзен, көлдердің, бастаулар мен бұлақтардың экологиялық зардапқа ұшырап отыруының себептері нақты цифрлар көрсетіле отырып талданған саралау, салыстыру тұрғысындағы аналитикалық жарияланым болып табылады. Оған мына жалаң деректер айғақ: Еділ өзеніне жыл сайын 170 миллион тонна түрлі өнеркәсіптік, халық шаруашылығы (химикаттар), тұрмыстық қалдықтар тасталады екен. 1989 жылы Куйбышев су қоймасында жиналған гербицид пен пестицидтен балықтың 60-70% қырылып қалған. Ғалым-экологтардың зерттеуі бойынша өзеннің тағанындағы тасталған шынылар мен қаңылтыр қалбырлардың, целофанлардың қалыңдығы 35-45см. жетіпті. 1957 жылы Жайық өзенінің суының жылдық қоры 24 текше шақырым болса, 1987 жылы 2-ақ текше шақырым құраған. 1987 жылы тек қана Гурьев балық өнеркәсібі Жайық өзеніне 900кг. аммиак, 270кг. мұнай, 14 300 тонна қалдық, 2 тонна минерал тұз тастаған. Мақала авторы Р.Отарбаев: сонда Жайықты жағалаған 169 шаруашылықтың, 912 объектінің, 418 өнеркәсіптің, 321 кеме жүргізу мекемесінің үлесін қосқанда Каспий теңізінің көмейін бітейтін қалдықтардың қанша болатынын қалай есептеуге болады – деген орынды сұрақ қояды. Каспий теңізінің 1937 жылға қарағанда бұрынғы жағасынан 40-60 шақырымға шегініп кеткен [113, 38-44 б.]. Бұл жоғарыда көрсетілген мақалалардың бәріне ортақ мәселе. Тек біріндегі көрсеткіш екіншісінен сәл жоғары, не төмен болып келеді. Жайық – Каспий бассейнінің экологиясына арналған Бүкілодақтық конференцияның өтуі де бұл мәселенің қаншалықты асқынып кеткенін көрсетеді. Ал Ертіс өзеніндегі мыстың деңгейі қалыпты мөлшерден 300 есе, мырыш 190 есе, Балқаш көліндегі мыстың құрамы мөлшерден 52 есе, мырыш 5 есе артық екен [113, 23 б.].

Сібір өзендері мен Ертіс – Қарағанды каналының суын Аралға бұру [112, 111 б.]. Бұл жобаға негізінен Ресейдің табиғатты қорғау қоғамының өкілдері, негізінен жазушы В.Распутин бастатқан зиялы қауым өкілдері қарсы қозғалыс

ұйымдастырып: «Бұл жобаның мынадай жағымсыз жайларға: Сібір өзендерін Арал теңізіне бұру – ауыл шаруашылығы мен орман алқаптарын су қоймаларының басып қалуы қаупін тудырады; канал бойындағы жер асты сулары көтеріліп, елді мекендер мен трассалар су астында қалады, Обь өзені бассейніндегі бағалы балық түрлері қырылып, солтүстіктегі саны аз халықтардың күн көрісіне, әдет-ғұрпына, дәстүріне өзгеріс әкеледі, климатқа, Карскі теңізіндегі мұздықтарға кері әсерін тигізеді, Қазақстан мен Орта Азияда батпақты және сортаң жерлер молаяды; фауна мен флора құрамы өзгереді, топырақтың тұздануы артады [130, 128-129 б.] – дегенді алға тартып, ол жобаны жүзеге асыртпады. С.Жұбатыровтың «Арқа нәрі Аралға келсе...» атты мақаласында бұл мәселе жан-жақты сараланды [112, 148-155 б.; 113, 56 б.; 113, 57 б.; 113, 164 б.; 130, 207 б.; 113, 209 б.; 113, 224 б.; 113, 241-245 б.; 113, 177 б.; 59, 194-205 б.; 59, 212 б.; 59, 213-214 б.].

Мелиорациялық аймақтардың көлемін азайту, мақта мен күріштің, егістіктің көлемін қысқарту, [112, 10-11 б.], Әмудария мен Сырдария өзендерінің суын реттеу арқылы Арал теңізінің су қорын молайту, жер асты суларын пайдалану мәселесі де баспасөздің назарынан тыс қалмаған [130, 128 б.]. Бұған қоса Еділ, Жайық өзендері бойындағы су қоймаларын қорын анықтап, ретке келтіру, өзен танабын қоқыстан тазарту, күріш плантацияларының көлемін азайту мәселелері де баспасөзде кеңінен сөз болған [113, 162 б.; 130, 57-58 б.; 113, 37 б.; 113, 40 б.; 113, 47 б.; 113, 54 б.; 113, 161 б.; 113, 249 б.; 113, 252 б.].

Жер асты суларының ластануы да аса күрделі әрі күйзелісті тақырып ретінде баспасөзден орын алды. Оңтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарында жер асты суларының мол қоры бар. Республика аумағында 700-ден аса жер асты суларын ластайтын көздер анықталған. Олар 241 жер асты суларының гидрогеохимиялық құрамына тікелей жағымсыз әсер етіп отырғаны байқалған. Олардың басым көпшілігі Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі. Соның ішінде 127 су көзі – қауіпті, 63-і – орташа, 48-і – қауіптілігі жоғары, 3-уі – өте қауіпті деп танылған [130, 214 б.]. Тек қана Ақтөбе ферросплав заводы 1934 жылдан бастап 9 миллион тоннаға жуық зиянды қалдық шығарып, темір татыған өндірістің сарқынды сулары жер асты суларымен астасып, аса қауіпті қатер көзіне айналған [112, 23 б.].

Ө. Ақыпбековтің «Жер асты суының сұрауы жоқ па?..» [112, 127-140 б.], Б. Төлеубаевтің «Қолда бардың қадірін білейік» [112, 141-147 б.], С. Жадыриннің «Ішкеніміз су ма?..» [112, 192-202 б.] атты мақалаларында жоғарыдағы зиянды су көздеріне қатысты туындап отырған нақты мәселелер көтерілген [113, 227 б.; 80, 214 б.].

Ауаның ластануы өнеркәсіп шоғырланған аймақтар мен қалаларда адам өміріне тікелей қауіп төндіретін апатты шекке жеткен. 1987 жылға дейін әуе

кеңістігіне шығарылған залалды заттардың көлемі шамамен 500 мың тоннаға өсіп, 5, 3 миллион тоннаға жеткен. Соның ішінде Теміртау, Жамбыл, Өскемен, Зыряновскі, Лениногор, Алматы және Шымкент қалаларындағы ауаға тарайтын залалды заттар қалыпты мөлшерден анағұрлым жоғары. Бұлар жылына 706, 6 мың тонна залалды зат шығарады. Өскемен қаласындағы ауаға таралатын залалды заттардың 60% түсті металлургия комбинатына тиесілі, Лениногор полиметалл комбинатындағы ауаға тарайтын қорғасын мөлшерден 4 есе, күкірт 3 есеге артық. Шымкент қорғасын заводы ауаға тарайтын улы заттардың 40 % «ие». Бадам өзеніне жыл сайын 176 мың тонна қалдық төгіледі. Балқаш мыс өндірістік бірлестігінің үлесіне ауаға тарайтын улы заттардың 90 проценті тиеді. Ол жыл сайын 291, 8 тонна залалды заттарды таратады. Оның құрамындағы күкірт мөлшері 30% асады. Бұл жөнінде Қарағанды металлургия комбинаты Қара металлургия саласында одақ көлемінде ауаға таратылатын зиянды заттардың төрттен үш бөлігін құраған. Ақтөбедегі ферросплав заводы сала бойынша одақ көлемінде тарайтын улы заттың 49 пайызын «шығарған». Екібастұздағы ауаға таратылатын зиянды заттар мөлшерден 15 есе артық [112, 20-24 б.]. Республика бойынша 12 миллион тоннадан астам өндірістік қалдықтар жинақталады, бұл республика тұрғындарының әрқайсысына шаққанда 700 тоннадан келген [112, 30 б.]. Жамбыл қаласы республика бойынша бірінші орынға ие болған. «Астананың экологиялық портреті» атты мақалада Алматы қаласындағы тұрмыстық экологияның ауыр халіне баға берілген. Қалада жылына 300 мың тоннадай залалды зат ауаға тарайды екен [60, 30 б.]. Залалды заттар шектік мөлшерден 5 есе, көміртегі 6 есе, азоттың қос тотығы 8 есе, бенза пирен мөлшері 78 есе артып, адамның орта жасы 72-ден 69, 9-ға төмендеген [112, 79 б.].

Мұнай өнеркәсібіне қатысты зардаптар, әсіресе, Батыс Қазақстанда бой көтерген Теңіз мұнай-газ комплексінің айнала қоршаған ортаға кері әсері қазақ баспасөздеріндегі тұрақты алаңдаушылық туғызған тақырыпқа айналды. Сабыр Өтепбергеновтің «Үлкен мұнай және үрей (Батыс Қазақстанда бой көтерген Теңіз мұнай-газ комплексінің айнала қоршаған ортаға кері әсері жайындағы ашық әңгіме)» атты сериялы мақаласы жан айқайына құрылған. Мұнда 1979 жылы шарықтау шегіне жеткен Теңіз мұнай-газ комплексін игеру барысындағы қоршаған ортаны да, ауаны да, ауыл шаруашылығын да, адамдарды да, жан-жануарлар мен өсімдіктерді де күйзелткен жайларды, ұшқан құстың қанатын күйдірген 1985 жылың шілде айында № 37-скважинадан шығып, 400 тәулікке созылған өрттің әлемді алаңдатқан қасіреті, жер бедері мен судың ағысын өзгерткен, күкірт қышқылынан демала алмаған елді мекендерді тұтастай жаңа салынған қалашыққа аударуы, тұрғындардың да, мұнайшылардың да күкіртті газбен улануы т.б. сияқты экологиялық апат бары шындықпен жазылған. СССР мұнай өнеркәсібі министрлігімен арадағы

10 жылға созылған жергілікті халықтың жанкешті күресі барынша ашық әрі ащы шындық көрсетілген [112, 30 б., 59-79 б.]. Мысалы, 1987 жылы ауаға 1 миллион тоннадан астам залалды зат шығарылса, 1988 жылдың алғашқы жартысында оның мөлшері 734 мың тоннаға жеткен. Жер астынан шығатын мұнайдың температурасы 60-70 градусқа тең болған. Ал оны суытатын, салқындататын тоңазытқыштың жобасы да жасалмапты. Өндірістің улы қалдықтары өзенге құйылған. Міне, осындай қиын жағдайда Америка мен Венгрияның тәжірибелі кәсіпорындары мен мұнайшылары қол үшін беріп, апаттан аман қалған шала жобаларды сынаған бұл мақаланы – осы тақырыпта қордаланған мәселелер мен жазылған жарияланымдардың қорытынды талдауы ретінде қарастыруға болады. Табиғат байлығы мен қоршаған ортаны осындай күйзеліске ұшыратқан СССР мұнай өнеркәсібі министрлігіне қарасты Қарашығанақ пен Теңіз кенішіндегі барлау-бұрғылау, пайдалану-бұрғылау жұмыстарын Қазақ ССР табиғатты қорғау мемлекеттік комитетінің бір мезгілге тоқтатуы [112, 35 б., 7 б.] экологиялық қауіпсіздік мәселесіне қатты көңіл бөліне бастағанын аңғартады [113, 168 б.].

Орманды қорғау мен эрозияға ұшыраған егістік жерлерді жел, су эрозиясынан сақтандыру, құм көшкінінен сақтауға мүмкіндік беретін жасыл белдеулерді жасыл желекпен көмкеру тақырыбы барлық баспасөзде қамтылды. СССР территориясында 1960-1970 жылдарғы басты қауіпті экологиялық мәселенің бірі – жер мен жел эрозиясы болды. Әсіресе, жер көлемінің 60% құмды шөлейтке жататын [25, 140 б.] Қазақстандағы «тың игеру» майданы кезінде жердің құйқалы қыртысы жұқа қазақ даласы 4-5 жылда «тозанды далаға» айналды. Жеңіл топырақтың бетін жел ұшырып әкетіп, ақ сөңке қиыршықтар мен сары керіштер қалды. Соның кесірінен 6-7 миллион гектар жер жел эрозиясына ұшырады [27, 256 б.]. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР министрлер кеңесінің 1967 жылғы майдағы «Топырақты жел және су эрозиясынан қорғау туралы» қаулысы бұл ретте біраз мәселелердің басын ашып берді. Бұл дерт асқына келе кейіннен «235 миллион га құнарлы жердің 180 миллион га жері жарамсыз деп табылған. Оның 30 миллион га жері топырақ эрозиясына, 60 миллион га жер тұздануға ұшыраған, 10 миллион га жер химиялық және радиактивтік заттармен уланған» [25, 140 б.]. Ал «солтүстік облыстарда тың игеру науқанына байланысты және бірегей бидай дақылын егу салдарынан топырақ құнарының 25-30 % жойылды» [25, 141 б.]. Жер эрозиясы Т. Қажыбаевтің «Бурабайға көмек қолын созайық» [112, 112-126 б.], А.Сәулебековтің «Ақ самалды аңсаттырған Сарырақа» [112, 156-172 б.], Қ.Жұмышевтің «Құтты мекен – Қарағаш» [112, 268-287 б.] атты мақалалары тың және тыңайған жерлерді ысырапсыз пайдаланып, бүкіл қазақ даласын «шаңды боранға» айналдырған эрозиялық апаттың зардаптарын жоюға арналған. Тек 1988-1991 жылдың аралығында сарқынды сулармен

ластанған жиыны 100 мың гектарға жуық жер пайдаланудан шығып қалған. Мұның көлемі жыл сайын өсу бағытын байқатқан (Қосымша Ә [23, 15, 21, 28, 31, 33, 36, 56, 71, 72, 75, 76, 79, 89, 95, 104, 106, 112, 114, 139, 140, 147, 211, 227, 228, 229, 237]).

Үкіметтік Қаулы, Қарарлар: (Қосымша Ә [17, 19, 23, 32, 110, 111]).

Сонымен қатар: Жан-жануарлар мен өсімдіктерді қорғау – (Қосымша Ә [18, 21, 22, 26, 55, 58, 70, 82, 119, 170]), [113, 214-225 б.; 113, 248-263 б.];

мәдени экология – (Қосымша Ә [8, 11, 15, 21, 24, 33, 34, 44, 81, 87, 146, 150, 173, 184, 192, 210, 222, 253, 273, 28]), [113, 19-42 б.; 113, 60-62 б.; 113, 135-143 б., 113, 144-169 б.];

экологиялық апатты аудандардағы денсаулық сақтау және сауықтыру – (Қосымша Ә [6, 10, 14, 16, 17, 41, 90, 110-116, 152, 162, 178, 189, 282]), [113, 54-55 б.];

экологиялық тұрғыдан қауіп төндірген аймақтарға жасалған түрлі бағыттағы (археологиялық, биологиялық, медициналық, экологиялық, әлеуметтік т.б.) ғылыми экспедициялардың нәтижелері мен көтерген проблемалары – (Қосымша Ә [4, 12, 14, 16, 17, 29, 41, 45, 46, 51, 54, 55, 59, 67, 68, 69, 70-75, 90, 78, 92, 110, 125, 128-130, 164, 169, 174, 207, 220, 222, 228, 229-239]), [113, 73-92 б.; 113, 105-129 б.] баспасөздің тұрақты тақырыбына айналды.

Семей, Азғыр атом сынақ полигондары және Нарын, Тайсойған, Сарышаған, Ташкент-4 зымыран сынақ полигондары, Байқоңыр гарыш айлағы ұзақ жылдар бойы аса құпия экологиялық апат ошағы болып келді. Бұл апаттар туралы ешқандай мағлұмат берілген жоқ. Кеңестік жүйеде демократиялық нышандар шан беріп, жариялылық саясаты қоғамдық көзқарастың ашық қалыптасуына мүмкіндік берген өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғында СССР-дегі атом бомбасын сынайтын полигондардың зардаптары мен экологиялық апаттарға әкеле жатқан қасіретті проблемалары туралы пікір білдіруге мүмкіндік туды. Әсіресе, 1989 жылы 22 ақпанда ақын О. Сүлейменовтің бастауымен өріс алған ядролық сынаққа қарсы қозғалыс кеңес өкіметінің экология жөніндегі қоғамдық-саяси ұстанымы мен қалың қауымның көзқарасына жаңа бетбұрыс әкелді. Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы О.Сүлейменовтің кеңсесінде 22 ақпан күнгі күндізгі сағат 2-де даярланған СССР Жоғарғы Советіне, Қазақ ССР Жоғарғы Советіне жолданған «Ашық хатта»:

«Ақпанның, 12-сі және 17-сі күндері Семей қаласының, маңында кезекті жер асты ядролық жарылысы жасалды. «Текті» газдардың, ауаға шығып кеткені белгілі болып отыр. ТАСС үйреншікті әдетінен жаңылмай: «Сынақ аймағы мен полигоннан тыс жерлердегі радиациялық жағдай ойдағыдай» – деп хабарлады. Біз бұдан бұрынғы сынақтар кезінде де ауаның радиоактивті газдармен бүлінбегендігіне сене алмай отырмыз.

Республикада, әсіресе, атом полигондары маңында орналасқан аймақтарда радиацияның кесірінен пайда болатын кеселдермен жұртышылықтың жаппай науқастануының дәрежесі көптен бері тоқтаусыз өсіп келеді. Ядролық қаруларды өндіру мен сынау Қазақстанда ондаған жылдар бойы жалғасып келеді.

Радиациялық қалдықтардың, көлемі күн санап тоқтаусыз өсуде. Жуық арада оларды өндірістік жолмен залалсыздандыру және сақтау үшін кететін қаржы атом өндірісіне жұмсалатын қаржыдан асып түспек. Бұл саланы одан әрі дамыту, экологиялық және экономикалық тұрғыдан қарағанда, барып тұрған ЕССІЗДІК. Ол тек қана өз мүдделерін халықтан жоғары қойғысы келетін кейбір мемлекеттік ведомстволар үшін ғана пайдалы.

Онсыз да шектен тыс көбейіп кеткен ядролық қару-жарақты одан әрі жетілдірудің қандай қажеті бар?!!

Халқының тұрмыстық дәрежесі бойынша СССР – дамыған елдер арасында 28-ші орында тұр. Біздің кедейлігіміздің басты себептерінің бірі – ядролық қаруға жұмсалатын есепсіз қаржының ауыр тауқыметі. Дамыған елдерде адам өмірі ұзақтығынын орташа көрсеткіші өсіп келеді. Ал біздің республикамызда бұл көрсеткіш өткен онжылдықпен салыстырғанда 4 жасқа төмендеп кетті. Мұның, негізгі себептерінің, бірі – топырақтағы, судағы, тағамдық өнімдердегі радиация мөлшерінің тоқтаусыз өсуі.

Біздер, қазақстандықтар, өз алаңдаушылығымызды білдіріп, ядролық қаруды өндіру мен сынауды тоқтатуды талап етуге өзге жұрттан гөрі қақылымыз.

Бүгінгі және болашақ ұрпақтардың денсаулығы үшін, Жер бетіндегі тіршілік үшін біз, көп ұлтты Қазақстанның тілегін білдіре отырып, республикадағы атом полигондарының жабылуын талап етеміз!

Біз әскери мақсаттар үшін атомдық материалдар өндіретін кәсіпорындардың жұмысын тоқтату ісін бастауды талап етеміз!

Біз радиациялық қалдықтар көмілген жерлерге қоғамдық бақылау жүргізілуін талап етеміз!

Ендігі жерде мемлекеттің өз халқына қарсы жүргізіп отырған үнсіз атомдық соғысын ешқандай «қорғаныстық мақсат» деген сылтау ақтап ала алмайды!

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы секретариатының атынан: О.Сүлейменов, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, С. Мұратбеков, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Д.Снегин, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қ.Мырзалиев, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты» – деген талаптар қойылды (Қосымша Б [245-247; 299]).

Бұл – кеңестік тоталитарлық жүйе мен әскери өктем монополияға, жаппай қысымға құрылған идеологияға және сол «милитаристік империяның» қарулы күшінің нығаюына белсенді түрде қызмет еткен «қырағы жауынгер» – кеңестік баспасөз құралдарының төбесіне ашық күнде найзағай ойнағандай әсер етті. 27 ақпан күні кешкі сағат 8-де республикалық теледидар арқылы СССР Жоғарғы Советінің депутаты ретінде антиядролық қозғалыстың басталғанын ресми жариялап, 28 ақпан күні Жазушылар одағында Алматы қаласы тұрғындарының митингісі өтетінін хабарлады. Митингіде антиядролық «Невада» (кейін «Семей – Невада») қозғалысының құрылып, төрағалығына О.Сүлейменов сайланды. Онда мынадай талаптар ашық және жария түрде қойылды:

«Біз жердегі бейбіт өмір үшін күресу керектігін енді түсіндік. Түсіндік те «Невада» атты қозғалыс құрдық. Біздің талап-тілегіміз:

1. Қазақстанда атомды сынау ошақтары жойылсын.

2. Республикамыздағы ядролық, соғыс мақсатында қару шығаратын өндіріс орындарының қуаты мен күші табиғат пен адам игілігі үшін қызмет етсін.

3. Атомдық өнімнің зілзаласы ашық бақылауға алынсын.

4. Қазақстанның һәм басқа республикалардың экологиялық картасындағы «өлі» аймақтар анықталып, шаруашылық айналымынан шығарылсын да, есесіне, қалпына келтіру қолға алынсын. Қазір ондай жерде мал бағып, егін өсіру – мәңгүрттік.

5. СССР Денсаулық сақтау министрлігі біздің еліміздегі радиация құрбандары қаншалықты екендігі туралы құпиясын ашатын болсын. Біз өз қозғалысымызды АҚШ-тағы атом сынау ошағына қарсы тілектестерімізбен тізе қосу үшін де «Невада» деп атадық. Олар өз қозғалыстарының атына Семей қаласын немесе республикамыз Қазақстанды алса дейміз. Дүниеде бауырлас қалалар көп. Олай болса, қасірет уын егіздей еміп келе жатқан Семей облысы (Қазақстан) мен Невада штаты бауырласып бас қосуы керек-ақ.

СССР көлемінде ядролық қару өндіру мен сынауға қарсы қозғалыс бірінші рет қолға алынды. М.С.Горбачевтың 1986 жылғы маратория жөніндегі ұсынысының қолдау таппауын, біз әлеуметтің батыл шешімге бара алмауы себебінен деп білеміз. Маратория батыс үшін жаңа басшылыққа саяси баспалдақ қана болды.

Біздің СССР басшыларына айтарымыз мынадай: еліміз тағы да ең бірінші болып қарусыздануды қуаттады: кейбір ракета түрлері жойылып, әскер қатары мен әдеттегі қару саны азайтылды. Осынау ізгі ниеттен туған істің келер ұрпақтың ядролық қару өндіру мен сынауды ауыздықтауы арқылы жалғасын табарына сенгіміз келеді.

Қазіргі оянған демократия жағдайында халық пікірі еңсе көтеріп, еркін естілуде. Жұмыр жердегі қандай оқиганың да қай-қайсымызға қатысы бар. Әлеуетті державаларда саяси ауа-райы құбыла беруге бейім. Біздің мақсатымыз – жалпы-саяси жағдайды адам үшін қолайлы да қуатты етуге ұмтылу. Біз бәріміз бір жагадан бас, бір жеңнен қол шығару арқылы ғана, әлі де болса жасыл әлем астында өмір сүре аламыз.

АҚШ, СССР, Франция, Англия және Қытайда атомдық апатқа қарсы жандарды біріктірген халықаралық қозғалыстың жандануы атомдық қуаты мол мемлекеттердің үкімет басшыларын барлық түрдегі ядролық сынауларды біржола тоқтату жөніндегі келісімге келтіреді деп ойлаймыз. Біздің басты мұратымыз да сол! Келесі айтарымыз –

ядролық қаруды өндіру мен жетілдіруді азайту турасында келіссөзге келіп, осы бір аса қауіпті зілзаланың зиянды қалдықтарын залалсыздандыру халықаралық мәселе ретінде шешілсін.

Күнәһар XX ғасырдың күні еңкейіп барады. Адамзат ғасыры сонымен бірге аяқталмағай!

Миллиардтаған жан иесінің тағдыры тек қана бөлмедегі бәтуәсіз шешімге қарап қалмағай!

Ядролық жарылысқа – адамзат санасы, ақыл-ойы өті жарыла наразы.

Біздің қозғалысымыздың мақсат-мұратына тілектес ұйымдарды, барлық адам атаулыны күш біріктіруге шақырамыз.

Бірлесіп әрекет ету жолдары жайындағы ұсыныстарыңызды күтеміз. Оны мына адреске жолдауларыңызға болады. Алматы қаласы, Коммунист проспектісі, 105 үй, Қазақстан Жазушылар одағы» (Қосымша Б [299]).

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 жылғы 3 март күнгі санында жарияланған бұл үндеу – кеңестік баспасөздегі атом сынақ полигонын жабу туралы тұңғыш басылым және «Семей – Невада» антиядролық қозғалысы тек социалистік жүйедегі ғана емес, атом қаруына ие империялардың ішінде басталған алғашқы бейресми халықтық қозғалыстың бірі болды. Бастабында тек әдеби газетте хабар ретінде жарияланған бұл мағлұматтар бара-бара республикадағы, одан кейін одақтық басылымдардың бетінде жиілей жариялана бастады.

Бұдан бұрын АҚШ-тың Невада штатында «Даун виндер» (Жел өтінде) атты ядролық қаруға қарсы қозғалыс басталған болатын. Қозғалыстың бұлай аталуының себебі, радиациялық жел өтінде қалатын Юта штаты Невада полигонының ығында жатқан еді. Радиоактивті тозаң алдымен осы штатты тұншықтыратын. Қозғалыс Невададағы жел өтінің бағытын бейнелейтін түрлі-түсті картаны бүкіл елге таратты. Невада полигонындағы ядролық сынақтың зардабы туралы О.Сүлейменов «Американың жартысын жауып жатқан қанды қызыл сыпырғыш, шығыстан батысқа иіліп тағзым етіп тұратын романдықтарға мәйек болған алқызыл гүлге ұқсамайды-ақ» – деп бейнелі тілмен жеткізді. (Қосымша Б[60.299]). «Известия» газетінің 1990 жылғы 3 қазанында жарияланған «Мараторий жариялаған халық. Невада енді Семей өнегесіне ерер ме екен?» атты мақала «Семей таңының» 9 қазан, «Қазақ әдебиетінің» 13 қазан күнгі санында аударылып басылды. Сондықтан да «Семей – Невада» мен Ютодағы «Даун виндер» (Жел өтінде) антиядролық қозғалыстары экологиялық күрес жолындағы маңызы халықаралық сыпат алды және ол бастаманың мәні ешқашанда жойылмақ емес.

Жоғарыдағы Үндеуде айтылған тақырыптарға жеке-жеке талдау, әшкерелеу, естелік, пікір таласы тұрғысындағы саралау мақалалары, сұқбаттар, деректер, атом сынақтарының зардаптары, Семейдегі Дегелең полигоны туралы шындықтар және оның ауыр қасіреті баспасөздерде батыл жазыла бастады. Мекемелік, ауылдық, қалалық, республикалық қарсылық митингілері өтті. Ядролық сынақтардың жерге, суға, адамға зиянды залалдары жан-жақты талданды. Қоғамдық қозғалыстың «Аманат» атты газеті бұл мәселені әр қырынан қозғады. Онда мынадай кесте жарияланды:

Кесте 2.4 – 1945 жыл мен 1989 жылдың 31 желтоқсаны арасында АҚШ пен ССРО-да жасалған ядролық сынақтың қолда бар деректері.

Жылы	АҚШ-та	СССР-де	Жылы	АҚШ-та	СССР-де
1945	3	0	1968	45	13

1946	2	0	1969	38	16
1947	0	0	1970	35	17
1948	8	0	1970	17	19
1949	0	1	1971	18	22
1950	0	0	1972	16	14
1951	16	2	1973	14	18
1952	10	0	1974	20	15
1953	11	4	1975	18	17
1954	4	7	1976	19	18
1955	18	5	1977	17	27
1956	18	0	1978	15	29
1957	32	15	1979	14	21
1958	77	29	1980	16	22
1959	0	0	1981	18	31
1960	0	0	1982	17	27
1961	10	50	1983	17	29
1962	96	44	1984	17	9
1963	44	0	1985	14	0
1964	38	0	1986	14	23
1965	36	15	1987	14	17
1966	43	15	1988	11	7
1967	34	17	1989	17	19
Жиыны				921	642

Бұл цифрлар (Қосымша Б [2-299]) құпия ядролық сынақ бәсекесінің «бәйгесін» анық көрсетіп береді. «Семей – Невада» қозғалысы құрылғаннан бергі ширек ғасырға жуық уақыт ішінде ядролық сынақтар мен зымырандық қарулардың, ғарыштық зымырандардың қоршаған ортаға келтірген залалы туралы республикалық баспасөздерде 700-ге тарта, ал қазақ баспасөздерінде 500-ден астам, ал тікелей «Семей – Невада» антиядролық қозғалысы мен атом сынағын тоқтату, оның зардаптарын жою туралы толық емес мағлұмат бойынша 460-тан астам жарияланым баспасөзде жарық көріпті (Қосымша Б [2, 3]). Бұл жарияланымдар журналистиканың барлық жанрларын (хабар, репортаж, есеп, сұқбат, суреттеме, фоторепортаж, публицистика, баяндама, очерк, ғылыми очерк, сұқбат, ғылыми очерк, ғылыми талдау, телерепортаж, құжатты фильм т.б.) және барлық ақпарат құралдарын (мерзімдік баспасөзді, ғылыми журналдарды, баспаларды, теледидарды, радионы, кейінгі жылдары интернет сайттарын т.б.) қамтыды. Оларды барлығын түгелдей қамту және талдау жасау мүмкін емес болғандықтан да тақырыптық тұрғыдан қысқаша ғана шолу тізбемен шектелеміз:

Ядролық сынақты тоқтату туралы қозғалыстың басталуы кезіндегі наразылық шаралары мен қабылданған шешімдер, үндеулер туралы негізгі

жарияланымдар мыналар (Қосымша Б [2, 3, 8, 12, 13, 18, 19, 20, 21, 23, 36, 37, 39, 41, 45, 56, 61, 64, 77, 89, 110, 115, 118, 139, 140, 141, 150, 160, 163, 175, 183, 191, 194, 195, 199, 237, 245, 246, 247, 299]). Бұл басылымдарда халықтың ашу-ызасы, наразылығы, көрген зардаптары, полигонды жабуға қарсылық көрсеткен империялық әскери монополиялық мекемелердің әрекеттері, жеке адамдардың тағдыры, қозғалыс мүшелерінің күресі барынша ашық әрі әшкерелеуші бағытта жазылған.

Сынақ полигонының зардаптары мен онда жүргізілген биологиялық, медициналық, әлеуметтік-ғылыми экспертизалар, куәлардың естеліктері – (Қосымша Б [4, 7, 8, 9, 12, 15, 16, 24, 25, 26, 28, 29, 30, 34, 39, 42, 46, 69, 79, 134, 143, 144, 156, 178, 179, 180, 181, 193, 206, 209, 213, 256, 294]).

Ядролық сынақтың зардаптарын жою туралы проблемалық мәселелер мен ұсыныстар, әлеуметтік шаралар – (Қосымша Б [1, 11, 25, 26, 27, 28, 30, 32, 33-37, 89, 106, 198, 223, 224, 232, 279]).

Ауылдық, қалалық, республикалық шаралар - (Қосымша Б [79, 82, 86, 184, 186, 188, 195, 196, 259]).

Халықаралық шаралар – (Қосымша Б [13, 21, 51, 59, 117, 138, 200, 211, 217, 220, 236, 239, 241, 256, 270, 288]).

Сынақ полигонының жабылуы мен «Семей – Невада» қозғалысының бір жылдығына, бес жылдығына, он жылдығына, жиырма жылдығына арналған басылымдар – (Қосымша Б [6, 8, 9, 10, 37, 55, 70, 75, 119, 135, 146, 282, 301-303]).

Азғыр сынақ полигоны туралы мақалалар – (Қосымша Б [9, 36, 101, 103, 104]).

Әрине, ішінара іріктеліп көрсетілген жоғарыдағы жарияланымдар мен шартты түрде қойылған тақырыптар антиядролық қозғалыстың маңызы мен көтерген мәселелері және сынақ полигондарының зардаптары мен оның жою жолдары туралы баспасөздегі жарияланымдардың толық сыпатын бермейді. Алайда осы басылымдардың өзінен сынақ полигондарының зардабы туралы нақты мағлұматтар алуға, сондай-ақ қазақ баспасөздерінің бұл орайдағы белсенділігін анық байқауға болады.

Жоғарыдағы көрсетілген басылымдардағы дерек көздеріне (Қосымша Б [1-303]) сүйене отырып мынадай қысқаша сыпаттама бере кетуді жөн санадық. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Радиациялық қауіпсіздік және экология институты мамандары қырық жыл бойы жүргізілген ядролық сынақтардың зардаптарын әлі де зерттеп келеді. Семей полигонының әуеден түсірілген картасы бойынша онда альфа және бетта-сәулелену зардаптарымен қоса топырақта стронций және плутоний сияқты қауіпті улы заттардың барлығы анықталған. Полигондағы радиация жағдайы әлі де толық анықталып болған жоқ. Аса қауіпті радионуклидпен

ластанған жаңа ошақтар, авиациялық бомбаның қанаттары табылған. Дәл сол маңайда қырып-жою мақсатындағы радиоактивті заттардың да сыналғаны анықталып отыр. Авиабомбалар жердегі нысаналарға тасталған. Қазылған оқпандардың жабық екеніне қарамастан Дегелеңнің терең қойнындағы радиация жер асты суларымен араласып кеткеткен. Оның қайда кетіп жатқаны беймәлім. Жарылған бес жүзден аса ядролық зарядтардың жүз он алтысы әуеде сыналған. Қазақстанда бұдан басқа Азғыр, Капустин жар, Меридиан, Лира, Батолит сынақ алаңдары бар.

Сынақ алаңы 1946 жылы Тарбақ, Майлықара, Дегелең, Әулие асуы өңірінде дайындала бастаған. 1949 жылдың 29 тамызы күні сағат жеті шамасында алғашқы сынақ жасалды. Бестерек, Долон, Тайлан аймағы 160 рад сәулелену зардабын шеккен. Сынақтың жетекшісі маршал А.М.Василевский: "Текке қиналасыздар, несіне әуре боласыздар. Армияның әрбір маневрі адам шығынынсыз өтпейді. 20-30 адам өлсе, мұны артық шығын демейміз. Ал, сіздің сынақтарыңыз ел үшін, оның қорғаныс қуаты үшін кейбір шығындардан гөрі әлдеқайда маңыздырақ" – деген. Семей полигонының аумағы – 8 000, ал Невада полигонының аумағы – 3 500 шаршы шақырым, радиусы 200 шақырым. Семей полигонында тұрақты қызмет істеген адамдардың саны - 30 мың, Невадада — 8 мың. Семей полигоны аймағында 600 мың, Невадада Лас-Вегас қаласын қосып алғанда 100 мың адам мекендеген. 1949 жылдан бастап он бес жыл бойы ашық аспан астында жарылған зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы 8 тамызда Жапонияның Хиросима қаласына тасталған бомбадан күші 20 есе артық екен. Топырақта, өсімдік тамырларында, су көздерінде ұзақ уақыт бойы жартылай ыдырайтын 200 радионуклидтер барын мамандар анықтаған.

1953 жылғы 12 тамызда таңертеңгі сағат алтыда сутегі бомбасы сыналған. Аса алапат жарылыстың радиациялық бұлты Қызылту, Байтас, Тайлан жаққа, одан әрі Балқашқа қарай ені 20-30 шақырым жолақпен жылжыған. Сол жылы күзде ССРО Жоғарғы Советінің сессиясында Министрлер Советінің төрағасы Г.М.Маленков қопарылыстың қуаты 530 килотоннаға тең келгенін хабарлаған. 1954 жылы 17 маусымда Дегелең өңіріндегі адамдар жаппай көшірілген. 1955 жылы қарашаның аяғында бұрынғыдан әлденеше есе күшті термоядролық бомба жарылған. Аспанға көтерілген топыраққа араласқан радиоактивті заттар оңтүстік-шығысқа қарай тарап, Өскемен арқылы Қытай шекарасына жеткен. 1963 жылы наурыз айында қырыққа тарта сынақ өткен. 1963 жылдан бастап халықаралық келісімдерге байланысты ядролық қаруларды аспанда, жер үстінде сынау тоқтатылды. 1963 жылы Семейде "Бруцеллезге қарсы диспансер" деген бұркеме атпен Мәскеуге мағлұмат беріп отырған диспансер ашылды. Дәрігер ғалым Ж.Әлімхановтың мәліметі бойынша полигонға 120 шақырымнан таяу тұратын елді мекенде әрбір он

мың адамға шаққанда 140 адамның ақылы ауысып кеткен, ал 120-160 шақырымдық аймақта тұратын мұндай адамдардың саны 78, 6-ға жеткен. Балалардың ақыл-есі кем болып тууы алпысыншы жылдардан басталған. Мысалы, 1981-88 жылдары 22 мың жарым ғана тұрғыны бар "Социалистікте" 12, Саржалда соңғы он жылда 60 адам асылып өлген. 2500 адам тұратын Қайнар ауылында 1988 жылы 25 сәби кемістікпен туған.

Сол жылы маусым айында Семейде "Ядролық полигон: радиоэкология және денсаулық сақтау" деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция өтті. Міне, нағыз шындық осы жерде, мамандардың бітіспес пікірталасы үстінде ашылды. 1957-60 жылдары Қазақстан Ғылым академиясының зерттеуші-ғалымдары осы аймақтағы адамдардың денсаулығын зерттеп, көлемі 13 том болатын материал дайындаған. Оған Б.Атшабаров, М.Әлиев, Ж.Әбдірахманов, З.Кешелева, Ж.Мұстафина сияқты мамандар қатысқан. Олар полигонның зияны туралы қоғамдық пікір туғызды. Академик Сайым Балмұқанов полигон зардаптарын әшкерелеуде үлкен еңбек етті. Ол осы конференцияда баяндама жасап, терең ғылыми талдаулар көрсетті, толып жатқан нақты материалдарды жайып салды. Олжас Сүлейменов бастаған қуатты қоғамдық қозғалысқа негіз болды. 1990 жылдың басында профессор Ю.Щербак бастаған ССРО Жоғарғы советінің сегіз депутатынан құралған комиссия Семейде жұмыс істеді. Олар да Қазақстан Ғылым академиясының экспедициясы дайындаған зерттеулерді пайдаланып, ең жоғарғы билік орындарына шындықты жеткізді.

1989 жылы антиядролық қозғалыстың тегеуріні нәтижесінде Совет Одағында жасалатын жылдық жарылыс бағдарламасы үш есеге қысқартылды. Тиісінше, АҚШ-та үш жарылысты кемітті. Сол жылы қазанның 19-ында Совет Үкіметі Семей полигонындағы сынақтарды тоқтатты, ал АҚШ 1990 жылғы жарылыстардың санын сегізге түсірді. Мұнда "Невада – Семей" қозғалысының да үлесі бар еді. 1990 жылы мамырда Алматыда "Дүние жүзінің сайлаушылары ядролық қаруға қарсы" деген тақырыпта халықаралық конференция өтті. «Невада – Семей» қозғалысының "Полигон жойылсын. Ядролық сынақтарға тыйым салынсын!" деген ұранмен қалаларда, ауылдарда митингілер өтті (Қосымша Б [2, 299]).

2.4 Экологиялық апатты аймақтар және БАҚ-ның халықаралық экологиялық ынтымақтастықты нығайтудағы орыны

1991 жылы 29 тамыз күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Семей полигоны жабылды. Онда:

«1. Семей сынақ полигоны жабылсын.

2. Семей сынақ полигоны Одақтық-республикалық ғылыми-зерттеу орталығы болып қайта құрылсын. 1991 жылы оның мәртебесі мен ғылыми-

зерттеу жұмыстары негізгі бағыттарының тізбесі жасалсын және бекітілсін» – деп атап көрсетілді [131, 124-125 б.].

1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Арал теңізінің апаттық жағдайына әлемнің назарын аударды. Ол өзінің сөйлеген сөзінде: «Тартылып бара жатқан Арал теңізі – халықаралық шұғыл және ауқымды көмекке зәру экологиялық апат аймағы. Алабының шөлдену процесі жылына 150 млн. тонна тұз шаңының шығуымен қосылып, 30 млн. астам халқы бар зор аймақтың экологиясын күрт нашарлатады, экономикасы мен жұрт денсаулығына жағымсыз зардаптарының әсерін ұлғайтады. Егер бүгін бұл он мыңдаған адамдардың қасіреті болса, ертең, БҰҰ шұғыл араласпайынша, миллиондаған адамдардың қасіретіне айналады...», – деп айрықша атап көрсетті.

Арал проблемаларын шешуге, Аралды құтқаруға, Арал өңірін экологиялық сауықтыруға бағытталған бірлескен әрекеттерді, бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру мақсатында Орталық Азия аймағы елдерінің күш-жігерін біріктіру үшін 1993 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан президенттерінің бастамасымен Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) құрылды.

2008 жылы желтоқсан айында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 63-ші сессиясында ХАҚҚ-на бақылаушы мәртебесін беру жөніндегі қарар қабылданды. 2010 жылдың сәуірінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун Орталық Азия елдеріне сапары барысында «Арал теңізінің – тартылуы планетадағы ең қорқынышты экологиялық апаттардың бірі болып табылатындығы» туралы мәлімдеді.

ХАҚҚ қызметі 17 жыл аралығында Арал теңізі алабы аймағына көмек көрсету жөнінде екі бағдарлама қабылданды, олар:

– Сырдария өзені алабындағы су шаруашылығы инфрақұрылымын жетілдіру,

– Арал өңірі тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету шараларын көздеді.

«Сырдария өзені арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» атты Арал теңізінің солтүстік бөлігін географиялық және климат құрушы объект ретінде сақтап қалатын бірегей жоба жасалынды. Көкарал бөгеті салынғаннан кейінгі екі жылда Аралдың солтүстік бөлігінің су деңгейі БС бойынша 42 метрге дейін көтерілді.

2009 жылдың сәуірінде Алматы қаласында Орталық Азия мемлекеттері ХАҚҚ құрылтайшылары басшыларының Саммитінде қол қойылды. Бұл меморандумның шеңберінде 2010 жылдың 17-18 мамыры аралығында Қызылорда қаласында Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан

Республикасындағы Атқару Дирекциясы ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Орталығымен бірлесіп «Арал өңірінің қазақстандық бөлігінің су және экологиялық қауіпсіздігінің қазіргі проблемалары және оларды шешудің жолдары» *деген* тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мұндағы мақсат - экологиялық дағдарысты жеңу жолындағы қол жеткен нәтижелерді тұрақтандыру жолында халықаралық қоғамдастықты ынтымақтастыққа тарту және әлі шешілмеген мәселелерде үлес қосу.

Оның жұмысына шет мемлекеттердің Қазақстанда тіркелген 20 елшілігінің және 15 халықаралық ұйымның өкілдері қатысты. Олардың арасында Душан Подгорски (Словак Республикасы), Микко Киннунен (Финляндия Республикасы), Павел Чеплак (Польша Республикасы), Жаныш Рустенбеков (Қырғыз Республикасы) сынды Төтенше және Өкілетті Елшілер және ЕҚЫҰ елшісі – Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының Басшысы Александр Кельчевский, сонымен қатар, Қазақстан министрліктері мен ведомстволарының және Қызылорда облысының облыстық басқармаларының, аудандық әкімдіктерінің, мәслихаттары мен ҮЕҰ өкілдері болды. Онда осы іс-шара: Арал өңіріндегі аймақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, халықтың денсаулығын жақсарту, кедейлік пен жұмыссыздықтың деңгейін төмендету сияқты басты проблемаларды шешу жолында ЕҚЫҰ, халықаралық ұйымдар мен донор елдердің қоян-қолтық бірлескен іс-қимылдарының көрнекі үлгісі болып табылатыны атап көрсетілді (Қосымша Ә [190]).

ХАҚҚ Атқарушы Комитеті «Алматы қаласында 2009 жылдың 28 сәуірінде ХАҚҚ құрылтайшы мемлекеттері басшылары қабылдаған бірлескен мәлімдеменің қағидаларын іске асыру мәселесі бойынша іс-шаралар жоспарын» орындай отырып, 2011-2015 жылдардағы кезеңге арналған Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын (АТББ-3) жасады.

Арал теңізі бассейнінің осы Бағдарламасы төрт негізгі бағытты қамтыды, олар бойынша жоғарыда айтылған мәселелерді еңсеру жөнінде 44 аймақтық жоба әзірленді. ХАҚҚ Атқарушы комитеті Алматы қаласында жұмыс істей бастаған алғашқы күндерінен-ақ халықаралық донорлық қоғамдастығының ұлттық сарапшылармен бірге Арал теңізі бассейні 3-ші бағдарламасын әзірлеу үдерісіне белсене қатысты.

Қазіргі уақытқа қарата ХАҚҚ барлық елдері АТББ-3 жобасына қол қойды және донорлық қоғамдастық пен халықаралық қаржы институттарының толық қолдауына ие болып отыр.

ХАҚҚ Атқарушы комитеті 2009 жылдың 28 сәуірінде Алматы қаласында қабылданған ХАҚҚ құрылтайшы мемлекеттері басшыларының Бірлескен мәлімдемесін жүзеге асыра отырып, БҰҰ жүйесі мекемелерімен және БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы (БҰҰ ЕЭК), БҰҰ Орталық Азиядағы

алдын ала сақтандыру дипломатиясы жөніндегі Өңірлік Орталығы (АДОААО), БҰҰ Дамыту Бағдарламасы (ПРО-ОН), БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), Бүкіләлемдік Банк, Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ), Еуропалық Одақ (ЕО), Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Германия қоғамы (СІ2), АҚШ Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (ЮСАИД), Француз Ғаламдық Экологиялық Қоры (FFEM) сияқты және басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту жолындағы өз қызметін одан әрі жалғастырып келеді. Қазақстан Республикасы экономикалық-экологиялық бағытты нығайтуға өзінің оң үлесін қосуға ұмтылып отыр және алдағы уақыттағы аса маңызды міндеттерінің бірі – Семей сынақ полигоны мен Арал апаты зардабының проблемаларына жоғары назар аудару болып табылады» (Қосымша Ә [111 -113]).

«Жасыл көпір» – жас ұрпақ болашағы: Тақырыптың тарихына зер салсақ, қазіргі таңда жаһандық жаңалық ретінде бағаланып отырған «Жасыл көпір» бағдарламасы алғаш рет III Экономикалық форумда Елбасы Н.Назарбаевтың тарапынан ұсынылған болатын. Бұл дер кезінде қозғалған өте орынды ұсыныс еді. Өйткені, күрделі жаратылыстық құбылысқа ие және дамудың түпкі мақсатын тұйыққа тірейтін, сондай-ақ ғарыштық кеңістіктің барынша қарқынды игерілуіне байланысты ғылымның өзі оның зардабын нақты болжап, біле алмай отырған жаһандану үрдісі дәуіріндегі басты күретамырлы мәселенің ең бастысы – экологиялық қатерлі ахуал екені қазір анық сезіліп отыр. Осы бағытта Қазақстан мемлекеті 2011 жылы Санкт-Петербургте өткен, алыс және жақын шетелдің 25 мемлекетінің және халықаралық ұйымдардың өкілі қатысқан IV Нева экологиялық конгресінде «Жасыл көпір» бағдарламасының тереңдетілген нұсқасын ұсынды. Сол тұстағы ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрғали Әшім: бұл бағдарлама Рио де Жанейродағы саммитте қолдау тапқан жағдайда, әлемдік экологиялық қауіпті ахуалды жақсартуға игі ықпал жасайтынына сенім білдірді [106]. Осындай орынды ұсыныстың нәтижесінде Қазақстан Бразилияда өтетін бүкіләлемдік саммитке дайындық жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болып белгіленді. ҚР Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Руслан Бөлтіріков өзінің Еуропалық қайта құру және даму банкісінің Экология және тұрақты даму саласындағы қызмет аясы туралы есебінде: Аталмыш жиында Елбасы Н. Назарбаев жиналған қауымды астаналық «Жасыл көпір» бағдарламасымен таныстыру мүмкіндігі көзделіп отырғандығын ресми түрде мәлім етті. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Еуропалық қайта құру және даму банкісінің арасындағы негізгі әріптестік қарым-қатынас – климаттың өзгеруі мен жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге бағыттау екендігін атап көрсетті. Соның ішінде:

– осыған дейін құрамына Еуропалық қайта құру және даму банкісі мен Дүниежүзілік даму банкісі және Халықаралық қаржы корпорациясы кіретін «Таза технологиялар қоры» ұйымымен арнайы келіссөздер жүргізгендігін;

– аталмыш қор 2010 жылдың наурыз айында құны 1 миллиард АҚШ долларын құрайтын үш бағыт бойынша жүзеге асатын жобаларды жеңілдіктер негізінде қаржыландыру шарасын мақұлдағанын;

– олардың бір парасы – еліміздің орталықтандырылған жылу жүйелерін жаңғыртуға, екінші парасы – қайта қалпына келетін энергия көздерін дамытуға, үшінші парасы – тұтынушылар үшін энергия тиімділігін арттыру шараларына жұмсалатыны айтылды.

Бұл бағытта құны 200 миллион долларды құрайтын жобалар Алматы, Ақтау, Қарағанды, Павлодар және Петропавл қалаларында сол кездің өзінде жүзеге асырылып жатқандығын, сондай-ақ Киото хаттамасының негізінде ЕҚҚДБ-нің сарапшылық қолдауымен антропогенді қалдықтарды бағалаудың ұлттық жүйесін жасауға кіріскендігін тілге тиек ете келіп: «Қазақстан үшін бұл бағыттағы маңызды қадамдардың бірі өткен жылдың қыркүйек айында өткізілген Азия және Тынық Мұхит елдерінің қоршаған ортаны қорғау министрлерінің 6-шы конференциясы болды. Аталмыш жиында біз «Жасыл көпір» бастамасын көтердік. Оны жиынға қатысушылар қолдады. Ол жүйе көпсалалы ынтымақтастық пен жеке мемлекеттік әріптестік жағдайында қазіргі қолданыстағы дәстүрлі тиімсіз даму жүйесінен жасыл экономика жүйесіне көшу мәселелерін қамтиды. Осы ретте ЕҚҚДБ-нің мүмкіндіктерін пайдалану тиімді болмақ. Бұл әріптестік бағдарламасы БҰҰ-ның Тұрақты даму комиссиясының отырысында қаралды. Онда да жоба қолдауға ие болып, қалың көпшіліктің қызығушылығын тудырды», – деп мәлімдеді Р.Бөлтіріков [107].

Қазақстанның «Жасыл көпір» бағдарламасы Азия және Тынық мұхиты елдерінің қоршаған орта және даму министрлерінің VI конференциясында қолдау тауып, Еуропа, Тынық мұхит және Азия елдерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара ынтымақтастығының ортақ алаңы ғана емес, сонымен қатар осы саладағы ірі экологиялық жобалардың бастауы ретінде де кеңінен танылуы әбден мүмкін екендігі аталып өтті. Соған орай Премьер-министрдің орынбасары Өмірзақ Шөкеевтің жетекшілігімен арнайы мекемеаралық жұмыс тобы құрылып, Астанада «Жасыл көпір» бағдарламасының кеңсесі де ашылды. Ағымдағы жылы Астанада өткен Еуропа елдері экология министрлерінің VII конференциясында Қазақстан «Жасыл көпір» бағдарламасының аймақтық және ұлттық экономиканы дамытудағы нақты механизмдері мен жобаларын ұсынды. Жиын барысында елордадағы ЕҚЫҰ орталығының басшысы, елші Александр Кельчевский: «Қазақстан «Жасыл көпір» астаналық бастамасын әзірлей отырып, маңызды

қадам жасады. Осының нәтижесінде Еуропа мен Азия арасында өзара ықпалдастыққа қол жеткізіліп отыр. Атап айтқанда, бұл бастама біздің алдымызға үлкен жауапкершілікті жүктеуде. Оның әлеуеті мен болашағы зор деп бағалаймыз. Себебі бұл бағдарлама қазіргі әлемнің барша мәселесін қамтып отыр. «Жасыл көпірді» алға жылжыту, климаттың өзгеруі, биоэралуандық, орнықты даму, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқа да маңызды мәселелер қамтылып отыр» – деп мәлімдеді [108].

2011 жылы 21 қыркүйек күні Астанаға жиналған Еуропа елдерінің экология министрлері әлемдік экологияның өзекті мәселелерін талқыға салды. «Еуропа үшін қоршаған орта» тақырыбындағы экология министрлерінің VII конференциясы аясында жиналған олар қыркүйектің 23-і күні Қазақстанның «Жасыл көпір» бағдарламасын қабылдады. Бұл құжатты Бразилияда өтетін «РИО +20» мыңжылдық саммитінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі таныстыратыны атап көрсетілді. Н. Назарбаев конференцияға қатысушы делегаттарға жолдаған құттықтау хатында:

«Мен «Еуропа үшін қоршаған орта» тақырыбындағы экология министрлерінің VII конференциясына қатысушыларды қазақ жерінде қабылдағаным аса қуаныштымын. Осы жоғары дәрежелі форумды Қазақстанда өткізу біз үшін үлкен абырой ғана емес, қоршаған ортаны сақтау мен тұрақты дамуды қамтамасыз ету саласына қосқан өз үлесіміз деп білеміз. Біз өз ниетімізді нақты істермен дәлелдейміз. Бүгінде біз «Жасыл көпір» бағдарламасын ұсынып, оны «Жасыл өсім» атты Сеул бастамасының жалғастырушысы ретінде қарастырамыз. Сондықтан Астанадағы конференцияның талқылауына біз «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасын шығарып отырмыз. Бұл құжат болашақта «жасыл экономикаға» көшудің негізгі аймақтық механизміне айналады. «Жасыл көпір» Еуропа, Азия және Тынық мұхит елдері арасындағы әріптестік байланыстарды күшейтіп, басқа да аймақтық бағдарламаларға жаңаша серпін береді деп сенеміз. «Жасыл экономика» саласындағы өзара тәжірибе алмасу, таза технологияларға ие болу, бірлескен инвестициялар, жалпы экологиялық жүйелерді сақтау – бұл «Жасыл көпір» бағдарламасының тек кейбір мүмкіндіктері ғана. Мен Астанадағы конференция тұрақты дамудың негізгі мақсаттарын орындау және бүкіл жер-жаһанды сақтау ісіне өз үлесін қоса алады деп білемін», – деп сенім білдірді .

Астанадағы экология министрлерінің конференциясына ерекше үміт артқан БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун алқалы мәжіліске жолдаған құттықтауында ол: «Қазақстандағы «Еуропа үшін қоршаған орта» конференциясы экологияны сақтау үдерісінің 20 жылдығы аясында өтіп отыр. Бұл – аса маңызды жайт. Себебі келесі жылы Бразилияда өтетін «РИО +20» мыңжылдық саммитінде біз экологияны сақтау саласында атқарылған

жұмысты Еуропа аясында ғана емес, жалпы жаһандық деңгейде де қарастыратын боламыз», – деп атап көрсетті [109].

Осы орайда Астанада өткен KAZENERGY Энергетиктер қауымдастығының бастамасымен мұнай-газ және басқа да энергетика салаларының мамандары қатысқан халықаралық VII Еуразиялық форумда «Жасыл көпір» бағдарламасын жүзеге асырудың нақты мүмкіндіктері мен жобалары, оны игерудің баспалдақтары талқыланды. Онда қалпына келтірілетін энергия көздері, шағын және дәстүрлі емес энергетиканы пайдалану – басты бағыттардың бірі ретінде қарастырылды. KAZENERGY қауымдастығының төрағасы Тимур Құлыбаев: «Бұл (балама энергетика) заман талабына сай өте өзекті мәселе. Баршамыз осы туралы жиі айтып жүрміз. Бұл жөнінде әңгіме қозғамайтын адам заман көшінен қалғандай болып көрінеді. Жаратушы Қазақстанға көмірсутектердің барлық түрлерін молынан берді, біздің мұнайымыз да, газымыз да, көміріміз де бар. Біз уран өндірісіне арналған шикізат шығаратын аса ірі өндірушілердің бірі саналамыз. Және технологиялар дамыған сайын энергиялық баланстың өзгеретіні де түсінікті. Мысалы, Еуропада өте қымбат газ басқа қымбат баламалы энергетикамен ауыстырылады. Бұл жағынан Германияның тәжірибесі назар аударарлық: онда жел, сондай-ақ күн энергетикасы дамып келеді. Барлық технологиялар арзандайды, белгілі бір уақытта технологиялардың дамуымен, технологиялардың көбеюімен баламалы энергетика неғұрлым қол жетімді болады. Әлбетте, біздің осындай баламалы энергия көздерін белсенді түрде дамыту үшін бұған дайын болуымыз керек», – дей келе, – Бүгінгі күні Қазақстанда баламалы көздерде өндірілетін энергия, біз қазір тұтынып жүрген, негізінен, көмірден алынатын дәстүрлі энергиядан қымбаттау болады. Мемлекет басшысы алдымызға қойған міндет және халықаралық қоғамдастыққа арналған ұсыныстар, БҰҰ ассамблеясында мақұлданған «Жасыл көпір» бастамасының мәні дамушы елдерге технологиялар трансфертін жүзеге асыруда болып отыр. Қазір баламалы энергетикаға бай елдердің ғана қол жеткізіп отырғаны түсінікті», – деп түсінік берді. Ал, дамушы елдердің оған қол жеткізуі – өте өзекті мәселе. Бүгін жасалған баяндамаларда әлемде бір миллиардтан астам адамның энергияға қол жеткізе алмай отырғаны айтылды. Бұл өте үлкен мәселе. Бізде күн энергетикасын дамыту жөніндегі жобаларымыз бар. Біз Қазақстанда күн панельдерін өндіруді бастадық. Жел электр станцияларын салу бойынша жобаларымыз да бар, «жасыл энергетикасын» дамытуды қолдайтын заңнамалық механизм де бар. Бұл дұрыс тренд деп ойлаймын. Бізге түсетін күннің энергиясы жеткілікті: Қазақстанның кейбір аймақтары 300 күннен аса күн сәулесіне бөленіп отырады, жел энергетикасын дамытуға болатын бес жеріміз бар», – деп атап өтіп, түсінік берді .

Бұған қарағанда біз «Жасыл көпір» бастамасы мен жалпы «жасыл энергетика» бағытының келешегі зор екенін, оның ілесімі бағыттары да көп салалы екенін, сонымен қатар оны игеруде белгілі бір дәрежеде қиындықтар туындайтынын да, соған қарамастан бұл бағытқа еліміздің энергетиктері сенімді түрде бет бұрғанын байқаймыз. Оған ҚР Премьер-министрі Серік Ахметовтің энергетиктердің сол форумында сөйлеген сөзінде: «Біз де қалпына келтірілетін энергия көздерінің болу мүмкіндігін мойындаймыз. Сондықтан үкімет бұл саладағы келешегі зор бірнеше ірі жобаға қолдау көрсететін болады. Ең алдымен, бұл күн энергетикасын дамытуға, желдің энергиясын пайдалануға қатысты. Қазақстан климаттық өзгерудің ғалам халқына барған сайын үлкен қатер төндіретінін түсініп, адами капиталды, инфрақұрылымды, технологияларды дамытуға қомақты инвестициялар салып отыр. «Энергияны сақтау және энергияның тиімділігі туралы» біздің заңымыз 2015 жылға қарай өнеркәсіптік энергия қажеттілігін 10 пайызға және ағымдағы онжылдықтың соңына таман 25 пайызға азайту мақсатын көздейді», – деп мәлімдеуі анық дәлел.

Әрине, «жасыл көпір» жасаудың оңайшылықпен жүзеге аспайтыны белгілі. Энергетик-ғалымдар мен мамандардың өзі бұл бағыттағы – а) пессимистік, ә) бірқалыпты тұрақты және б) оптимистік көзқарастардың орын алып отырғанын жасырмайды. Мұның барлығы қаржы, мемлекеттік қолдау, жеке меншіктегі қуат көздерінің иелеріне көмек, халықтың тұтыну қабілетін арттыру сияқты шетін мәселелерді қамтиды. Осы ретте «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиевтің: «Қазақстанда қалпына келтірілетін энергия көздерінің әлеуеті жылына триллион киловатт-сағаттан асады деп мәлімдеді. «Қазақстандағы қалпына келтірілетін энергия ресурстарының – гидроэнергияның, жел, күн энергиясының әлеуеті өте зор, ол жылына 1 триллион киловатт-сағаттан асатын мөлшерде деп бағаланып отыр... Біз Алматы және Ақмола облыстарында жаңа ГЭС-тер, сондай-ақ ірі жел электр станцияларын, сонымен қатар Алматы облысында күн электр станциясын салуды жоспарлап отырмыз, соңғысының құрылысы қазір басталып та кетті... Солтүстік Қазақстан облысында ірі көмір станциялары және республиканың оңтүстігінде Балқаш ЖЭС-і салынады деп жоспарланып отыр. Каспий маңы өңірінде жаңа ірі электр энергиясының көзі қажет. «Отынның түрі техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) бойынша айқындалады және іске қосылған бұл жаңа қуаттылықтар ұлттық энергетика жүйесінің базалық тұрақтылығының орталығын құрып, магистралдық электр желісімен жалғастырылады», – деген сөзін еске сала кету орынды. Өйткені ғаламдық экологиялық мәселелерді ескермеу мемлекетіміздің дамуын тұйыққа тірейтіні анық.

Бұл – түптің түбінде адамзат үшін ядролық қауіптен де қатерлі әрі ХХІ ғасырдың екінші жартысындағы бүкілөркеніеттік көкейкесті өмірлік мүддеге айналуы мүмкін. Сондықтан да алдыңғы қатарлы дамыған елдер тек өз мемлекетіндегі ғана емес, жер шарындағы қоршаған ортаға тікелей зиянды ықпалын тигізетін аймақтар мен кеңістіктерді (ноосфера, Арктика, Антрактида, Мұзды мұхит және Тынық мұхиттағы жер асты тектоникасы т.б.) ерекше ғылыми бақылауға алып отыр. Бұл даму жолына енді бет алған Қазақстанның ғана емес, іргелі елдердің алдында қойылып отырған әлемдік мәселе. Сол форумда Қазақстан үшін мұндай экологиялық қауіптің бірі ретінде KAZENERGY Қауымдастығының бас директоры Жамболат Сәрсенов: «Каспий – бұл әлі күнге дейін ортақ заңдық платформасы жоқ сезімтал аймақ, осы орайда есте ұстайтынымыз, Каспийдегі орын алған кез келген апат Каспий маңындағы әр ел үшін проблемаға айналады. Егер бұрындары жерге иелік ету үшін жанжал туындау мүмкіндігі болса, бүгін ол энергия ресурстарын иелену үшін туындауы мүмкін. Бірақ бұл Каспий аймағында оқ атылып жатыр деген сөз емес. Каспийдің мәртебесі оффшор бойынша игеріп отырған біздің жобаларымызда айқындалған. Бұл өңірде, әсіресе, Түркменстан мен Қазақстанда ашылған 6 алып кен орнының 2-не қызығушылық зор. Қазіргі уақытта біз үшін Каспийдегі маршруттардың пайдаланылуын заңдық тұрғыда ресімдеуге жіті көңіл аударғанымыз маңыздырақ. Өйткені бұл бір жағынан маңызды болса, екінші жағынан экологиялық қауіпті. Естеріңізде болса, осыдан 2 жыл бұрын біз Әзірбайжанмен Каспийдегі Төтенше жағдайлар бойынша келісімге – әр түрлі санаттағы төгілуге орай бірлесіп іс-қимыл жасау және ең бастысы, қол жететін аймақтағы құралдарды үйлестіру туралы келісімге қол қойдық. Біздер – бұл Ресей, Әзірбайжан, Қазақстан, ал келісім Каспий акваториясында апаттың туындау жағдайларына қатысты. Қазақстан заңнамалық базалар құруды қолға алып отыр. Заңдық негіздеме мен платформа болуға тиіс, бұл мәселелер Каспийдегі іс-қимылдың қауіпсіздігі тұрғысында талқылануда. Үшінші фактор – биологиялық балансты сақтау, өйткені біз табиғи ортаға тым тереңдеп кеттік. Сондықтан біз табиғи балансты қалай сақтайтынымызды айқындауға тиіспіз. Каспий бассейнінің елдері олардың бірінде болған апаттың лезде Каспий маңы аймағының барлық мемлекеттерінің де проблемасына айналатынын түсінуге тиіс. Каспий – бұл нәзік аймақ, ал біздің заңдарымыз әр түрлі», – деп мәлімдеді Жамболат Сәрсенов.

Еуразиялық форумның жұмысы барысында энергетика саласындағы «жасыл технологияларды» дайындау және дамыту жөніндегі әлемнің ең үздік практикалары талқыланды. Жасыл энергетика» және қалпына келтірілетін энергия көздері тақырыбы Еуроодақ, Индонезия, Үндістан мен Қытайдан келген өкілдердің жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде жалғасын

тапты. Қазақстанның «Жасыл көпір» бастамасын олар қолдады. Нұрсұлтан Назарбаев мәлім еткен «Жасыл көпір» бастамасына қазірдің өзінде әлемнің көптеген мемлекеті қолдау білдірді. Бұл бағдарлама экономикаға «жасыл» көзқарастар мен технологияларды ендіруге бағытталған және бұл жұмысқа жекеменшік бизнесті белсенді түрде қатыстыруды көздейді. Бағдарлама Еуропа мен Азияның өзара әріптестігін жолға қоюға, дамыған және дамушы елдердің арасындағы технологиялық алшақтықты жоюға септесетін болады. [110]

Соның бірі Қазақстанның экологиясына, оның ішінде еліміздің ұлттық және экономикалық қауіпсіздігі мен су көзімен қамтамасыз етуге тікелей қатысы бар мәселе – ұлы Алтай тауларының мұздықтарының еру қарқынының әдеттен тыс жеделденуі болып табылады. Өйткені Алтай тауларының мұздықтарының еріп кетуі – Монғолия, Қытай, Қазақстан, Ресей мемлекеттерінің экономикасына ғана емес, олардың өмір сүру формасының өзіне, демографиялық және миграциялық ахуалының өзгеруіне алып келеді. Ал бұл мәселелердің соңы саяси-географиялық қозғалыстарды тудыратыны анық. Қоршаған ортаны қорғайтын дүниежүзілік қауымдастық мекемесі аясында жұмыс істейтін шетел ғалымдарының бақылауы мен зерттеулерінің нәтижесіне жүгінсек, Алтайдың Бесбоғда шыңындағы қалыңдығы 45 метрден асатын, ұзындығы бес шақырымға жуық әйгілі «мұз алқабының» көлемі жылына 10 метрге шегініп, қалыңдығы 15-20 сантиметрге жұқарып келе жатыр екен [111]. Ал Қазақстанға тиесілі Мұзтаудың (ежелгі қазақтар Ақсөре деп атаған) мұздықтары қазір жыл сайынғы түсетін қар мен жаңбырдың мөлшеріне тікелей қатысты болып қалды. Мұның өзі Өскемен сияқты өнеркәсіп тығыз шоғырланған қаладағы су көзі мен ауаның ластануына тікелей зардабын тигізіп отыр. Оның үстіне жылу жүйесінің қоршаған ортаға келтіретін зардабы бұл мәселені одан әрі ушықтырып келеді.

Ал «Жасыл көпір» бағдарламасын талдағанда, ең басты және ешқашанда назардан шығармайтын мәселенің бірі – жастарды, оның ішінде мектеп оқушыларын табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға баулитын экологиялық тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Өйткені, мұндай экологиялық этика қалыптаспайынша бізді келешекке экологиялық апатсыз апаратын «жасыл көпір» салу мүмкін емес. «Жасыл көпірдің» жастар үшін ең маңызды мақсаты мен міндетінің бірі осында деп есептейміз.

Бұл шаралар қазақстандық БАҚ жүйесінің экологиялық мәселеге қатысты басты тақырып аясы болып табылады.

Қорыта келгенде, Қазақстандағы экологиялық апат аймақтары соңғы 100 жылдың аралығында өнеркәсіп орындарының шоғырлануының екпінді түрде жүзеге асуының және су көздерін оның табиғи мүмкіндік мөлшерінен тыс шаруашылық қажетіне жұмсалудың, экологиялық тепе-теңдікті сақтамаудың,

табиғатты тек тұтыну шикізаты ретінде қарастырудың салдарынан келіп туды. Кеңестік қысым заманындағы баспасөздер табиғат ресурстарын қорғауға тиісті көңіл аударуға дәрменсіз болды. Тек өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап назар аудара бастады. Ал 80-жылдардың екінші жартысынан бастап олардың белсенділігі артып, тақырып аясында кеңейе түсті. 90-жылдары барынша белсенді ақпарат көзіне айналып, қоғамдық көзқарастың қалыптасуына шешуші ықпал етті. Соның нәтижесінде экологиялық апатты аудандар анықталып, тиісті мемлекеттік пәрменді шаралар қолдануға негіз қалады. Қазақстан тәуелсіздік алған соң бұл салмақ тікелей республикалық басылымдардың мойынына түсті.

Бұл – дербес тақырыптың, яғни, келесі бөлімнің еншісіне тиесілі мәселе болмақ.